

1 2011

28215к

Акжан за-Машаны

ЖАНА ДЭУІР

**АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ**

**КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫГАРМАЛАР ЖИНАГЫ**


**ОН БІРІНШІ ТОМ**

**Редакциялық алқа:**

*Әділов Ж.М., Сулеев Д.Қ., Абдраман Ш.А.,  
Кененбай Ы.С., Машанов Ә.А., Сыдықов Ү.С*

**«Алатау»  
баспа-полиграфиялық  
корпорациясы**

**Алматы 2009**



«ATLAS»  
GACON-HORNIG-PHOTOGRAPHIC  
EDITIONSBUCHER

ATLAS 2000

1 20.11 / 28295 к

АКЖАН - КАЫН


(Алғы сұрашылған)

## АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИ

## ЖАҢА ДӘУІР

\*\*\*

# ШЫНДЫҚ ШЫНЫ ФЫЛЫМДА



03.08.2010

М 32

УДК 001  
ББК 72.3 Қаз  
М32

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөне ақпарат министрлігі Ақпарат жөне мұрагат комитетінің мемлекеттік бағдарламасы бойынша шыгарылды*

**Әл-Машани Ақжан**

**М32** Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2009 ж. 11-том. Жаңа дәуір. Шындық шыңы ғылымда. – 320 б.

ISBN 9965-807-31-0

Фарабитанудың атасы атанған атақты ғалым Ақжан әл-Машанидың көп томдық шығармалар жинағының 11-томына әл-Фарабидың геометрия ғылымында колданылатын күрделі түсініктер туралы еңбектерін талдауға ариалған «Жаңа дәуір» деген ғылыми еңбегі енгізілді. Еңбекте ғылым мен діннің ара-қатынастары туралы аса қызықты тұжырымдар мен болжамдар келтіріледі.

*Кітапты құрастырган жөне жасапты редакциясын қарадан  
Ш.Абдраман*

ISBN 9965-807-31-0

УДК 001  
ББК 72.3 Қаз

M 1401000000  
00(05)-09

© «Алатау» баспасы, 2009  
© «Әл-Машани» ХҚҚ, 2009  
Барлық құқықтары корғалған

## «ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗЫНАМ . . .» (Алғы сөз арнасы)

Ақжан Машани хазыреттің 2005-2009 жылдарда шыккан көп томдық фарабитануға бағышталған еңбектерінің он кітабынаң оқушысының анық аңғарғаны- ғалымды басқаға түбірімен ұқсатпайтын - мен мұндалап тұратын жазу ерекшелігі: Ол қандай да болмасын талдауға таңдалған тақырыбын зерделеу барысында зат есімді арқалайтын атаулықтың маңызы мен мәнінің санмен терендетілетіндігі. Мұндауда автордың кол артары АБЖД есебі.

Ғалым енбегінің «Жаңа дәуір» топтама тақырыбымен оқушы назарына ұсынылып отырган 11-томға енген шығармаларында автор бабағылымының танымдық құдышетін ғылыми ислами негізімен әдіптеп, ұлттық дүниетаныммен сабактастыра баяндау бағытынан тайдырмайтын тандаған амалының казанаты АБЖД-тың тізгінін есте босансытпағанын бұл жолы да аңғару күйн емес.

Кейде оқушы шыккан он кітапты зерделей жүре әбжаттік сан өрнегін жүгірте оқып, атауы жағынан бір-бірінен алыс түрган есімдердің сандық мәндерін сабактастыра байыздаудан жинаған маглұматтары бұл қалай деп тосырқатпайды. Оларды қарастырганда ұлы баба колданған «киастық» заңдылықтар жүйелік есер береді. Сейтіл оқушы А.Машанидің ғалами қағидалық түйінін түгелдей түйсігінде түйіп ала алмаса да, авторлық баяндаулар есте жерітпейді. Бұл, әрбір адам табиғатымен коса жаратылатын білсем-ау дегізетін танымдық тамырымен нәрленген түйінге әделкіде ол солай, басқа болуы мүмкін емес дегізетін түсінік сол болмыстық заттың сандық мәні ашылғанда мүлдем басқадай құпия көзін ашқандай есер беретіндігін дер едім. Мұндауда оқушы ен алдымен өз білімінің жетіспейтіндігін сезінеді де оған жауап іздеуге бел буады. Осындағы білсем-ау жетегінде жегіле журіп, А.Машанидің танымдық тайқазаның айналышықтан шыға алмайсын, оның сырын ұғуға деген құмарлығының енді үрдіске айналатындығын аңгармай да қаласың. Рухани ұстазым А.Машани шығармаларының өзіне магнитше тартағын осындағы құдышетін оқушы да аңғарған болар.

Мысалға «Жаңа дәуірдің» кіріспесіне көз түскенде- ак: «Тәнір жараткан ғаламнан бастап, ән мен күйдің макамына дейін тараған «Егіз-сегіз» қағидасына» арналған 8-дің ғылыми ислами негізін білуге деген құштарлық оқушысын бірден жетелей жөнелері даусыз.

Қазақ үшін 8 санының қандай қасиет арқалайтындығы қашаннан мәлім жәйт емес пе?! Өнері мен біліктілігі азаматтық іс-әрекетімен сабактаса жататын тұлғаның адамгершілігін даралауда оның сегіз қырлылығын баса айтып, сүйсініп жататынымыз бекер емес. Өнерінің аркасында Серіз сері ағанып, аңызға айналған бабаларымен каймана қазактың әр кез мактанары осыдан.

Халқымыздың «Егіздің аяғы сегіз» немесе «Семіз- семіздің аяғы сегіз» делінетін қанатты сөздері 8 санының ерекше қасиетінен туындағаны күмәнсіз. Кешегі балалар бақшасында тәрбиеленген балдырғанның Ертөстік мінген жи-

рен айғырдың аяғы неге 8 деген сұрап түйінін бірден таба алмауы ғажап емес. Себебі ұзак жылдар бойы батыс мәдениетіне бас идірген идеологиядан кәзір де арыла қойған жокпыш той. Демек бала түсінігін қалыптастыруда алғашы ұстаз дөлінетін бүтінгі ата- ана санатындағы жастар халқымыздың «Күн белгісінде- сегіз аякты айғыр, сегіз сәулелі жұлдыз» кейпінде бейнелегендігінен хабардар деп сендіре қою екіталай.

Ол түгіл ойын-тойларда Абайдың «Сегіз аяғына» қосылып та, жеке орындағы та, елжірей тамсана жүріп, бұл ән неге сегіз аяқ аталды деген саяулға жауап таптық дей алмас едік. Бұл сұраптың мағына-мәнінің түсінігі ұлы бабамыздың «38 сезінде» айтылғанын кәзірдің өзінде біреу біледі, біреу білмейді.

Абай дананың «38 сезін» бүтінгі жоғары дәрежелі қазақтың діни білімділері, теолог-ғалымдарының Құран Қарімді тәспірлеуде әлі ала алмай келе жатқан биігі десек қателесе қоймаспыш. Абай сол «38 сезінде» алдымен Алла тағаланың 8 сипатына ерекше токталады емес пе?

«Растың бір аты- һақ, Ҳактың бір аты- Алла. Бұған карсы қаруласқанша, мұны ұғып ғадаләтпен тәптіштеу керек» деудің негізі «Алланың өзінің де, сезі - Құраның да растығын» қадай айтып, Тәнір жолындағы дүрыс іс пен бүріс әрекеттерді сез патшасы поэзиямен берілген 25 шумакты «Сегіз аяқ» тәспірден тануға тиістіміз. Себебі Абайдың «38 - де» имандылықты ұмытпағандардың алдынан ашылатын пейіш есігінің 8 болады деуі осы санның киелі қасиетін арқалайтындығынан болса керек.

Дана Абай күнбе-күн, жылма- жыл қайталанып жататын: қыс- жаз, күн- түн, тақ - жұп, жақсы - жаман тәрізді тетелес қарама- карсы егіздей құбылыстарды 8 батырга тенеуі тегін емес. Ал әрбір шумағы 8 жолмен түйінделіп отыратын «Сегіз аяқ» жырына ән шығарылуы біріншіден өлең құрылсына 8 сипаттық екпін берудегі «Толғаулы ток+сан» қызыл тілдің өткірдің жүзімен, ісмер бізінің ізімен салынған өрнегі мүжіліп мұқалмас айшықты мәнгі сақтаудағы сол 8 үйқаспен сабақтасуында екендігін аңғару қын емес:

*Малыңды әсауга  
Басыңды сауга  
Қор қылма, қорға, татулас.  
Өтірік, ұрлық  
Үкімет зорлық  
Құрылсын, көзің ашылmas.  
Ұятың, арың оянсын,  
Бұл сезімді ойлансын.*

Бізде өтпелі кезеңді желеу етіп, жердің үстінгі байлығын да, астындағы кен казынасын да ел ырысына айналдырудың орнына, алдымен өз қалтасының камымен жүретін билік тізгінін ұстаушыларды бір ғасыр бұрын ар- ұят алдында жүгінуге шақырған «Сегіз аяқтың» бір гана тармағының құдыреті осындағы болса, сол 8- дің қасиетті көрінісі мүнада болса керек. 8 октава өлшемімен жазылған Абайдың 8 аяқтары нақыллялық мазмұнымен тағат- ғибадаттық, көкейкесті істін динамикалық серпінімен, үндестік өзегімен басқалардың 8 жолдық елендерінен шоктығы биік озық түр. Шәкәрім сезімен айтсақ:

*Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек,  
Бүгел үйқас өлең, саз керек . . .  
Өлең тап ойланып  
Бұны 8, алтауы егіз,  
Үшан течіз екеуі».  
Кім дәл басты кілтін ашты  
Жақсы үйқасы нешеуі . . .*

Бір бұл емес, басқа кітаптарында да 6 мен 8- дін Аюжан хазіретті тербен-тер ғибраттық тың ой тузыратыны тегін емес. Демек Абай дананың ғалами занұлықты өлең жолдарына колдануы да кездейсоқтық деуге болмайды.

Шынында да «Сегіз аяктың» алғашқы екі қыска жолдың егіз үйқасының буындары 6- дан. Одан кейінгі сынар үйқас ұзын жолдікі- 8. Бұдан кейін келетін екінші егіз жолдың буындары- 5. Бұдан соң барып 8 буынды ұзын жолдың сынары келеді де шумақ 8 буынды егіз үйқас ұзын 8 аяктық жоғмен бітіп отырады.

Он сегіз мың ғаламның Иесі Тәнірдің 8-дін ғалами занын бекер деп ешкім де айта алмайды. Осы занұлықтың бір көрінісін химиялық элементтердің *периодтық* кестесінен ангару кын емес. Барлық элементтер 8 топқа жіктеледі, барлық элементтердің касиеті атом ядросын айналып жүретін электрон сандарының сыртқы кабатындағы санымен сабактас. Яғни олардың валенттілігін аныктайтын электрондардың барлық сатысы 8- кейінгі басталатындығында, тіптен сол кесте торынын тігі мен көлденен көздерінін 8 тормен шектелетіндігі сегіздік занұлықтың көрінісіне мысал. Ал 8-дін неғізі 2 болса, мұның текшелік мәні  $2^3 = 2 \cdot 2 \cdot 2 = 8$ . Ғаламның осынау текшелік болмысының бір мысалы- Қаһба.

Демек, әлемге аты мәшінрекінші ұстаз аға-Фарабидің сонау ортағасырдың бас кезеңінде-ак ғылымның даму бағытын бағамдаған жаратылыстың 8- дік қағидасының танымдығын әрбір зерттеуінде жаңа қырынан танытып отыратын А.Машани, құдай сөзінің әрбір сүрелері мен аяттарындағы ғылыми шындықпен окушысын бей-жәй калдыра алмайтындығымен дараланады.

Осы ретте «Алғы сөзімізде» зерттеудің мән- мағынасын аштын кітап ата хақында бірер сөз арнағым бар.

Біріншіден, «Жана дәуірдің» сонғы нұктесі 1996 жылдың 7 қантарында койылған екен. Бұл ғалымның фәні дүниедегі тіршілігіне Жаратушы мөлшерлеген 1 жыл 4 ай мезгілді білдіреді.

Әз - ага әдетінше: «Мынаны қарап көрші, машинкаға бастырасын» деген тілегін айтып, сұрғылт қатты мұқабасын кампитқан колжазбасын маған үсынды.

Колжазбаның үстінгі бетінде әдеттегідей мазмұны мен суреттер тізімі және қатты қағазға әрбір нұктесінде танымдық белгілері мұқият көрсетіліп қара сиямен жазылған 41 суреті салынған конверттен соң титулдық бетіндегі жазылып өшірілген кітап атының тізбегі бірден назарға ілінеді.

Кітабының окушы назарына бірден ілінердей идеясын арқалайтындағы тақырып табу әрбір қаламгердің киналатындығын айтып жатудың кажеті болмас. Осындағы киындықтан әз- аға да айналып өтпеген тәрізді. Сол беттегі «Ис-

лам шұғыласы» делінген сөздің қарындашпен сыйылып, одан төменірек сол қарындаш ізінің «*Ұш арыс және егіз-сегіз*» деп жазылуы осы тақырыптардың бірден туындағандығын мензегендей. Осыдан соң туындаған үшінші және төртінші атауларда одан төменірек «*Ақырзаман пайғамбарынан маглұмат*», «*Ұлагаттан маглұмат*» болып қағазға түсіпті, бірақ кейін сыйылып тасталған. Бұдан кейін қағазға түскен «*Жана дәуір*» жазуының жинақтылығы - әз ағаның 7- 8 жылдай бұрын дені сау кезіндегі жазуындей біркелкі әріптермен тізіле қалуы таңдантпай қалмады. Кітаптың «*Жана дәуір*» атауы, сірә сәтті нұсқасы болса керек, ғалымның кеміген қайратын қайта туылғандай әл бергендейдігі көзге бірден ұрып тұр. Табылған тақырыптың астын ала журғізілген қос сыйық және қызыл қарындаш ізі әз- ағаның сол кездегі көңіл күйі мені де қуантты.

Дәуір сөзінің уақыт ұзактығымен мөлшерленетін заманауи кезеңнің көлемді кесегін елестетер өлшемінің бір түрі емес пе?! Ғылым тарихында Метон дәуірі деп аталағын сондай кезеңнің төрт сатысы айтылады: Бірінші 432 санымен өрнектелетін Алтын дәуір, мұнан кейін екі еселі мерзіммен түспалданар Құміс дәуірі, бұдан соң- 432\*3 Мыс дәуірі, ен соңғы төртінші дәуір біздің заманымызды қамтитын- 432\*4 темір дәуірі. Енді жаңа дәуір сипатын автордың өзінен естілік:

«Адам баласының Жер бетіндегі әрекеті алдымен осы металдарды колдануымен байланысты шықкан. Алғашқы екі металды колдану әділетті дәуірлер болып саналады. Кейінгі екі металды колдану ұрыс- қағыс соғыска байланысты. Яғни мыс-қола және темір қолданылған дәуірлер адам баласына бақытсызың экелді деп санайды. Ал, соナン кейінгі- бесінші дәуірлік өрлеуге адам баласының санасы әлі жетпей келеді». Бұл қырып- жоятын атом қаруын жасауға соктырды, Ғылымның шарықтап дамуы соғысты болдырмау шараларын туыннатуы жаңа 5- дәуірдің нышанын анғартта бастағандай. Бұл «Адам баласының жердегі гүміры аспан әлемімен тығыз байланысты екендігінің нышаны». Осы ретте Құранның шындық ғажаптарының ашыла бастауы, яғни қазіргі ғылымның дәлдік табыстарының Құран аяттарымен сәйкес, әрі дәл келетіндігі сол жаңа дәуірге барап бағытты анғартса керек. Мұның дәлеліне хазырет: мынандай  $807+273*2+646+161=2160$  киелі сандар қосындысымен яғни 432 бес еселеумен:  $(432*5)-2160$  тең болатындығын ишарат етеді. Мысалы, әбжад есебімен анықталған 807- ниң Отырар саны екендігі және Ақсақ Темірдің дүние салған Хижыра жылының да осымен мәндестігі; Ақсақ Темір есімінің Тамур 646- аяттағы үнемі болмыстың, козғалыстың нышаны мағыналы мәндері тақыледетес 161- дің де аркалайтын сандық мәнінің жаңа дәуірге қатысы жөнінде окушыны иландырар танымдық дәлелдер кітапта айтылады. Ал 7 көкке тән металдар (алтын, құміс, темір, мыс, қалайы, қорғасын) сандарының жиынтығы бас бата санын – (786) беруі кітап авторының жаңа дәуір қақындағы уәжіне логикалық желі етіп тартуы кітаптағы окушыны илatternидай тұстары деп білеміз.

Осы ретте қасиетті сандардың бірі, тіптен сегізден де колданысы мейлінше жи қорінетін 7 санының әлі де окушыға беймәлім мағлұматтары кітапта кенінен айтылады. Мұны біз окушыға қалдырып, құмалакшылардың, тіптен қарттарымыздың сөздік қорынан әлі түсे қоймаған «Жерге түспес жеті әліп», не болмаса «Жетісікеннің жеті әлібі» тәрізді сөздер 7 мәнін жаңа ашкандай

күйге түсері даусыз. Ақжан хазырет «Алты Алаш- Алашахан» мәтепінің 7-лік сипатындағы мәнін жаңадан ашқандай күй кешіретіндігі және бар. Бұл Алаштың алғашқы ханы- мемлекет басы Алашаханды қоршай отырган 6 Алашпен қасиетті 7- ні қурайтынымыз, Жаратушының пайғамбарымызға соған қайталаушы жегіні және Құранды бердік дегені (15- сүре 87 аят), басқаны айтпағанда ак жүрек Алаш ұрпактарының бойына иң күяры анық. Осы тұстағалым А. Машанидің: Құранның әрбір әрпінде ғажайып сыр бар деген хадиске сүйсіп, оны- шифр- код деп түйіндейді де алты корған- алты алаш, яғни көмір тегі өмір тегінің (C=6), ортасындағы алашаханы 6+1=7=CH болып жалғаса беретін болмыстық айғакты қөлденең тартады.

Расында да алты Алаш- Алашахан құрлымына аныктап карасақ аспан ғаламынан да, құнделікті кездесіп жататын жаратылыстан да оны табуға болар еді. Алты қырлы сугас- кварц ( $SiO_2$ ) оның құрамындағы кремний Si=14 қос 7 емес пе? *Лагыл, зумруд, жсанұт* тәрізді асыл тастар- бәрі алты қырлы. Жауатын қар қырауы- қылау да б қырлы жұлдызы іспетті. Өсімдік лұнаесінде гүлдердің тармақтары, оның ортасындағы сабағы – Алашахан. Араб тілінде 7- сабиғ (саны 132) жүрек қалабпен мәндес болу сыры да кітапта айтылады. Осы тақыллеттес қос жетілік құбылысты Ақжан хазыреттің мына тебіренісімен түйіндеуге болар еді:

*Жеті қат Қек жүректі тербел  
Оятар ғылым қиасын.  
Ғаламның ғажап мирасын  
Қаңбадан табасың.*

Осы тұста қазақ тілінде 1-7 ге дейін атая есебінде ғана – *ey, ay* жүрнактарының (бір+еу... алты+ ау) еншіленуі: *саты, ay, тор, бекет, ауыл* мағынасында дараляудан болар деген автор болжамының логикалық мәніне келіскендей боласын. Әйтпесе 8-ді *сегіз+ ey* демейді ғой.

А.Машани шығармаларын зерделей жүріп, оның ғұламалығы ұлы баба мұрасын жан- жақты зерттеп, ғылыми қиасының сырына үніле білгендігінен болар деген тұжырымға тоқталмас бұрын, егер рухани ұстазымның туысында бойына дарыған тіл байлығы болмаса дәл осынау биіктен көріне алар ма деген ой жиі бой көрсетіп қалады. Бәлкім, окушының жетесінә жететіндей дәлелі сол тіл байлығы болмаса ауқымды ой орамы окушы зердесінә жетпес еді- ау! Кітаптың «Ай- Қамар ғалами қар» тарауын оқығанда осындаі әсерде болады екенсін!

Адам баласының коршаған болмысты тануында Айдын ролі ерекше. Егер аспан мағынасында ол қалыптасқан дene болса, сол аспаннан жауатын Қар мен Қамар- Ай арасындағы байланыс «К» әрпінде сипатталатын сиякты. Қазак екі қолдың білегін де «Қар» дейді емес пе? Екінші жағынан кол *ал-ал* мағынасында да айтылатындығын осы кітаптан білесін. Демек, *ал+али* қолынды – құшагыңды - қарыңды (карнайды аш) дегенді білдіретін көрініс бұл. Яғни құшак ашу – *достасу* - тұыстық ілтиппатын білдіру. Казактың екі қолын аспанға жәйіп тілек тілеуі де, бата беруі де 7 қат қек пен 12 мүшелдің қалыптасуы- халқымыздың 60 жылдық мүшел есебімен сабактастырап А.Ма-

шани толғанысы шын мәнінде танымдықты ғана емес, тіл мамандарына ой салатын соны мағлұматтар дер едік.

Египтті жаулап алған жолы Александр Македонскиге екі мүйізді тәж кигізіп, такқа отырғызылды. Кейін әлемді жаулаушының ... Зұлқарнайын атануы осыдан. Құранда атаплатын басқа Зұлқарнайын да бар. Оның аты Фабдолла (Абдолла)- ислам дінінің белгілі қайраткерін қанқұйлы Іскендер Зұлқарнайынмен шатастыруға болмайды.

Осы кітап қолжазбасын маган ұсынып отырып, Ақжан аға: «Әл-Фараби» романы шыққанына отыз жылдай болса да бірде бір окушысының романдағы карттардан естіген жұмбағы жөнінде ләм-мим демегеніне налығандай болғаны бар. Ол жұмбак мынау:

*Басы бар, аяғы жсоқ бір керует,  
Табарсың ұшырассаң көп меруерт.  
Үстінде қос мұзалақ қара тас бар  
Жігітке таба алмаган бір шеруерт.*

Енді Ақаңның отыз жылдай күткен жұмбақтың шешуі «Қаф» әріп сөзінін шынайы мәніне келейік.

Бұл қайық тәрізді басы жұмыр, аяғы орақша иілген Ай басын мензейтіндігі ғылым басы - есен басы - ғалам басы Қамардың жаңа туысы. Оны білген адам ғаламның ғажайып асыл тас меруерт інжу- маржаның білетін мағынада айткан бабаларымыздың терең ойлы, тамаша білімділігінің бір күесі бұл. Яғни дана Абайдың «Білгенге маржан» дегені. Осы ретте «Қос Қар» - қос мүйізді кек қошқар атауының да Қамар. Қарнайын тақылете «Қ» әрпінен басталуы кездейсоктық емес.

Ақжан хазыреттеген тағынатын танымдық тек мұнымен шектеліп қалмайды. Ол мынау:

Айдың мүшелдік тағы - орны - үйі Қоян, арабша Ал - Саратан (Шаян). Осы мүшелдің жүлдіздық ғылымдағы тарихи таңбасы «Қ» әрпімен арабша екі айқаскан түрінен тұрады. Орхон (Кек түрік) таңбасында да бұл екі басты бағытты қос әріп: «Қ» таңбасымен белгіленген. Сол руналық дуниеде Қыпшақ (Қ) таңбасы да бар. Тегінде қыпшақ- құлақ- Қар бір мағынада болуы ықтимал. Бұл ретте автор Өтізхан анызында онын досы Қыпшақтың ағаш қуысынан табылуы, осындай түсініктің 6000 жыл бұрын Шумер елінің таңба иеленген Гильгамеш анызымен үндестірілінетіндігі әрине тегін емес.

Осыдан келіп А.Машанидің Қыпшақ - Қазақ сөздерінін төркіні ортақ деген болжамы: баскы буындағы «Қып» - «Қ» әрпінің атауын алыш (Қаф- капқыб), одан кейін шақ- сақ қосылып қазақ атасына айналады емес пе деген болжамы көңілге конатындей.

«Қалай болған күнде қос әріп, Қос - Қар (Қошқар), Архор- Зұлқарнайын, қос орақ, қыши- қаш «Қос мұғаллақ қара тас»- бәрі, бәрі келіп осындай тоғысқа» согады деген А.Машани түйініне түсінікпен караисың.

Осындай болжамын айта отырып, ғұлама «Қазақ тілі- Қазынам» деп ризалықпен тамсануы ғылыми, діни түсінік беруде олардың ашылатын танымдық мәнінде тәнті ой орамдарын өргүге мүмкіндігі мол ана тіліне де-

ген зор махаббатын ғалым тұжырымындағы Алаш басшыларының «Айқап» журнал атауының капыда қалдық қап деген түсінікте емес, оның шынайы астары ғалам басы, есеп басы Ай+Қафтың мағынасында делінуіне көліспеу қыны. Бұған 50- «Қаф» сүре санының «Садық»- (шынышыл) сезінің сандық мағынасымен мәндестігі автор аргументінің басты негізі. Осы тұста «Абайды игермей тұрып әл-Фарабиға бармас едім. Мен бұл істі қолға алғанда үш тірекіме сендім, бірі- тілім, дінім және бүгінгі ғылым жетістігі деген ғалым Ақжан Машани сезінің тағы бір дәмі «Жаңа дәуір» зерттеуін оки отырып таңдай тұшыратындағы күй кештіреді.

Бұның басты себебі ғалым А.Машанидің көптомдығына енген еңбектерінің танымдық өрісін кеңейттеп тақырыптың кайсысы болмасын қазақ халқының аузы әдебиеті делінетін мәдени мұрасының бәріне ортақ ұлттық дүниетанымдық өзегінің ғылыми шындықпен өрілестіндігі дер едім.

Мысалы «Өтізхан» ақызында Сиыр - Сәуір - Үркердің мүшел есебіндегі орны тұспалданып, «Ертөстіктері» 7 қат көктің сипаты дараланады, ал «Алыптар» өртегісіндегі халық даналығы жылдың төрт мерзімін мезгейді емес пе? Сол тас құпиясын игерген Тас+шы - Тасша бала «Қырық өтірігіне» аспан ілімін негіз етіп жұлдыз өлшеу амалын сез қылады. Бір қарағанда бірімен бірі жанаспайтын «Көрүглі» жырында да осы тақырып көтеріліп жатады.

Осы ретте «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындың аспан әлемінің қозғалысын сипаттау әр түрлі дәуірде шыккан осынау мәдени мұралар авторын аспан ғылымын терен менгерген дананың қаламынан туындаған дүниеге балағың келеді.

Шынында да қазактың мәдени мұраларының авторы біреу, ол ашық аспан астындаған ұлттық болмысы қалыптасқан қазақ халқы. Халқымыздың аспан танымы- дүние танымы уақыт елегінен өтіп, ғылыми негізі тексерілген- шындық шынының шынарына айналған ақырат. Осылайша атадан балаға жалғасып ғылыми шындыққа айналған ғалымның табысы ел санасына жету үшін оны өнерге айналдыру қажет болды. Міне, ұлттық санатымызды қалыптастырған көшпендерілер күрган халық Академия ғимаратының асқақ та алып ұстындары осылайша бой көтерсе керек.

Осынау тамаша мол тарихи мираптарымыздың сандық санаттарға беккен сирін ашуудағы Ақжан Машани хазыреттің ұлт алдындағы өтелген ғұмырлық борышына риясyz раҳметтімізді айта отырып, ғалымның ұрпаққа бағыштаған мына аманат- ұстанымымен алғы сезімізді аяқтамақпыз:

*Кеше гөр қате басқан жерлерімді,  
Ортага салдыым жиган білгенімді.  
Іздегенім Тәңірдің ризалығы  
Сілет етпен ешкімге бұл терімді.  
Ойланар оқыған жан сездерімді,  
Бар ниетім шындықтан басқа ой жоқ  
Шақырам хақ жолына өздеріңді.*

(Әл-Машани. 29.12.1994).

профессор Шамшиден Абдраман

# ЖАҢА ДӘУІР

## ЕГІЗ-СЕГІЗ ҚАҒИДАСЫ – ИСЛАМ ШҰҒЫЛАСЫ

### КІРІСҮ

Тәнірің жаратқан ғаламынан бастап ән мен күйдің мақамына дейін тараған “Егіз-сегіз” қағидасына бұрында токтағандарымыз бар. Оның себебі ол өзі Аллаһ қаламында – Құранда айтылған (6: 143, 39:6).

Ғалам Нұрдан жаралғанда, сол Нұр =  $2^5 = 32$ . Егіз-де-сегіз болады. Шұғыла сол Нұр. Біздің халқымызда: «Егіздің аяғы-сегіз» немесе «Семіз-семіздің аяғы сегіз» деп келеді. Ертеде біздің халқымыздың күн белгісі сегіз аяқты айғыр, сегіз сәулелі жүлдyz болған («Ертестік» аңызын қараңыз).

Осы бір күрделі мәселенің бір жерге басын қосып, әрі қарай шама келгенше дамытуды жөн көрдік. Аллаһ қаласа сол мәселеге келеміз. Сегіз Раббымның жарылқаған саны: сегіз Жаннат. Ғаламның жұбайлық жалпы заңы егіз болса, оның көлемдік үш өлшемі болады:  $2 \cdot 2 \cdot 2 = 2^3 = 8$ . Оны үш тарауға таратамыз:  $2^1 \cdot 2^2 = 8 = 2 + 6$ . Мұны мына түрде жазамыз  $= 2(2^2 - 1) = 2(4 - 1) = 2 \times 3 = 6$  немесе  $6 \pm 2 = \begin{cases} 8 \\ 4 \end{cases}$

Ғаламға үлгі болған Кағба – текше осы санға мысал. Оның жақ-бет саны алты шаршы ( $J=6$ ); төбесі – нокаты сегіз ( $T=8$ ). Оның қыр-қабырғасы 12 (төртеуі еденде, төртеуі төбеде, төртеуі төрт тіреу бұрышта  $K=12$ ).

Бұлардың теңеу өрнегі:

$$J+T=K+2$$

Онан шығады:

$$6+8=12+2=14.$$

Бұл өзі ғылым тарихында ежелден белгілі.

Оның кеңірек түрдегі жалпы мағынасы мынау. Айтылған текше тобына жататын бес түрлі түзу көпжақты бейне бар. Олар мыналар: алты шаршы-жақты (гексаэдр текше), сегіз үшкіл жақты (октаэдр), төрт үшкіл жақ (тетраэдр), жиырма үшкіл жақты (икосаэдр), бесқұлді он екі жақты (додекаэдр).

Бұл бесеуі табиғат дүниесіндегі бес түрлі заттар тегінің бейнелері болып табылады. Олар мыналар:

- 1) Оттек – тетраэдр - төрт жақты,
- 2) Желтек – октаэдр – сегіз жақты,
- 3) Сутек – икосаэдр – жиырма жақты,
- 4) Жертек – текше гексаэдр – алты жақты,
- 5) Жұлдыз тек – додекаэдр – он екі жақты.

Осы бейненің сандық өрнек мәнінде келейік:

$$\text{Ж}+\text{T}=\text{К}+2$$

- 1) Төрт жақты:  $4+4=6+2=8$
- 2) Сегіз жақты:  $8+6=12+2=14$
- 3) Жиырма жақты:  $20+12=30+2=32$
- 4) Алты жақты:  $6+8=12+2=14$
- 5) Он екі жақты:  $12+20=30+2=32$

Жиыны:  $50+50=90+10=100$ .

Айтылған бейнелеу өлшеуішінің мүшелерін (геометриялық мүшелерін) зергтеу, салыстыру, олардан өрнектер шығару мәселесі барлық есеп ғылымының негізі болып табылады.

Есеп ғылымының негізгі мақсаты табиғат зерттеуде құрал болу. Олай болмаған күнде есеп ғылымы жалған жолға түсіп кету қаупы бар. Біздің данышпан бабамыз Абу Наср әл-Фараби осы мәселеге ерекше тоқталып, гректің атакты геометр ғалымы Евклид еңбегін сынаған.

Ол былай деген: табиғат зерттеуде геометрия ғылымын қолдануда алдымен заттың көзге көрініп түрған, өлшеуге алынатын беттерінен-жақтарынан бастау керек. Ол жактардың

киылышкан жапсары сыйык – қыр болмак. Ол сыйыктардан киыскан жері нокат (төбө болмак). Осылай табиғи жолмен баратын болсақ ғылымда ешбір шатасу болмайды. Олай болмаған қүнде ғылым зор киындыкка үшінгідей, тұйыкка тіреледі. Оған мысал Евклид геометрияның істілесу мәселесін нокаттан бастаған. Ол әдісі есеп ғылымында женіл – колайлы бола тұрса да, кейін шатастырады. Мысалы Евклид әдісі бойынша жарыскан кос – пар сыйыктын дәлелін табу киынға соғады. Егер де мәселені табиғи заттар бетінен бастасақ, онда мәселе өзінен өзі, заттын бейнесіне карай шешіледі, ешбір шатасу шыкпайды. Эл-Фараби өзінің ілімінде осыны тоlyк дәлелдеген.

Эл-Фараби өзінен мын жыл бұрынғы ғылымға осындай жана қағида кіргізген. Бірак эл-Фарабидын бұл жаңалық қағидасына құлак асқан ғалымдар жоктын касы болды. Батыс Еуропа елдері Евклидты сол калпында бетке ұстал келді. Көл замандар бойында оның, эл-Фараби көрсеткен киындығы, ғылымда сезіле койған жок. Тек кейінгі кезде ғана, атомдық өлшеу колданған кезде ғана, эл-Фараби қағидасынсыз мәселе алатқа апаратыны белгілі.

Эл-Фараби мұсылман хакімі болған себепті, оның ілімі аят пен хадистарға сүйенген. Демек казіргі ғылым Құран шындығына әкеледі. Біз төменде, Аллаһ катаса осы мәселеге мысал келтіреміз.

## ЭЛ-ФАРАБИ ИЗІМЕН

Абұ Наэр эл-Фарабидың 1100 жылдық тойы қарсанында (1975) біздер “Эл-Фараби және қазірғы ғылым” деген үлкен мәселені алға койғанбыз. Оған арнал үлкен жинак дайындағанбыз. Ол ойымыз іске аснаї калып койды. Оның ең басты себебі Қазақ халқынан шыққан ислам хакімі дүние жүзіне үстаз болды деп тану ол кездегі ұстемдік еткен саясатқа төбеден түскен жайыңың оғындаидай тиіді. Ойткени отарым тәкаллпар топқа, оның үстінен, жер Тәңірі өзім болам деген атентист басшыларға Аль-Фараби ғұлгасы қарсы келді. Олар өздерінің саясатында көп

ондаған жылдар бойында қазақ халқы сауатсыз, мәдениетсіз, тарихта аты жок деген жалғандықты колдан келген болатын. Олар осыған мойынсұнғандарды ғана қызмет бабында көтермелеп, қолтықтап, қолпаштап келген болатын. Халықаралық көлісім бойынша, ЮНЕСКО қаулысына орай әл-Фарабидың 1100 жылдық тойын өткізуге мәжбүр болды да, сол той өтісімен әл-Фараби мәселесін жауып тастауға бет алды.


Той кезіндегі құрылған фарабистер тобы таратылды, тойда алынған қаулының бірде-бірі іске аспады. Тойдағы баяндамалар, материалдар, кинолар – бәрі жойылды. Солармен катар “әл-Фараби және қазіргі ғылым” жинағы да таратылды, әркімнің қолында кетті, Мәскеуде, Та什кенде бөлшектеніп шықты. Сонымен, жабылып қалған әл-Фараби жиырма жылдан соң, отаршыл атеистер құлаған соң ғана, жакында жарық көріп отыр. Біздің бұл арада қозғап отырғанымыз сол мәселенің бір тарауы.

Өкімет тарапынан сондай кудалауда болғанымен біздер өз істерімізді, әрине, ешуакта тастағанымыз жок. Басталған істер дамуда келеді. Солардың ішінен ең бір айқын мысалдарына тоқтамақпыш.

Ай ортак, Құн ортак, Жақсы ортак деген мақал бойынша әл-Фарабидың Тұн және Құн сағаттарынан бастаймыз. I-суретте сол жақта Аспан сағатының тілі Жеті Каракшы – Көк Шөміш жылдың төрт маусымында қалай орналасатыны көрсетілген. Ортасында Темір Қазық. Суреттің он жағында – Құн сағаты. Онда алдымен жерге тік қадаған сырый. Жер өлшеу, уақыт өлшеу ғылымында оны арабша зыл – көленкө атайды, казіргі еуропаша ол *тангенс* – *жанама* сызық. Шенбер ішінде оған сәйкес ішкі сызық – *жіл* – *синус*. Көленкенің ең қыскарған немесе жоғалған кезі сол араның *тат түсі* болады, *ендік* сызық (меридиан) бағыты болады. Бұл бір керекті өлшем, бағыт айыру сзызығы. Құн сағатының бір басты қызметі осы. Екінші қызметі көленкенің бағыты және ұзындығы бойынша сағат уақытын айыру. Құн мен көленкенің уақыттарын мынау өрнекиен табады:

$$\operatorname{tg}x = \operatorname{tg}t \cdot \cos\phi$$

$\operatorname{tg}x$  – бұрыш уақыты,



Күн сағаты және сәулө сезімі<sup>1</sup>  
(Тұн)  
(жад-Фарраби пойынша).

$$\operatorname{tg} x = \operatorname{tgt} \cdot \cos \varphi.$$

$\operatorname{tg} x$  - бұрыш үзактығы.

$\operatorname{tgt}$  - күннің сағат үзактығы.

$\varphi$  - ендік бұрышы.

$\alpha$  - сауленін түскен бұрышы, і-бұрыштардың біртінші.  
 $\sin \alpha = \frac{\sin c}{b}$ ;  $\sin \alpha = \frac{a}{b} = n = \operatorname{tg} x$ .

$$\frac{\sin d}{\cos 80^\circ} = \operatorname{tg} 2\alpha \approx n = \operatorname{tg} d.$$

$$n = n_1 \sqrt{1 - \cos^2 \alpha}.$$

1- сурет. Күн сағаты, сәулө сезінуы

$\operatorname{tgt}$  – күннің сағат үзактығы;  $\varphi$  – ендік бұрыш.

Алматының ендік бұрышы  $43^\circ$ , ол болады:

$$\operatorname{tg} x = \operatorname{tgt} \cdot \cos 43^\circ = 43 \operatorname{tgt}.$$

Осы өрнек бойынша Алматы үшін Күн сағатын жасауға болады. Ойда болсын, Күн сағаты  $15^\circ$  болып бірдей бөлінеді:

$\frac{360}{24} = 15$  Бірақ Күн сағат бұрышы бірдей болмайды. Оны есеп-

теп шығару керек. Өйткені:  $\operatorname{tg} 2\alpha \neq 2 \operatorname{tg} \alpha$

мысалы:  $\operatorname{tg}30^\circ = \frac{1}{\sqrt{3}} = 0,577$ ;  $\operatorname{tg}60^\circ = \sqrt{3} = 1,732$

яғни,  $2\operatorname{tg}30^\circ = 0,577 \times 2 = 1,154$

яғни,  $2\operatorname{tg}\alpha < \operatorname{tg}2\alpha$ .

Осымен байланысты қибла бағытын табу өрнегін береслік:

$$\operatorname{Sin}\alpha = \frac{\operatorname{Sin}(d_2 - d_1)}{\sqrt{\operatorname{Sin}^2(d_2 - d_1) + \operatorname{Sin}^2(\varphi_2 - \varphi_1)}}$$

$d_1$  – Мекке бойлығы  $\approx 40^\circ$ , ендігі  $\approx \varphi_1 \approx 21^\circ$ .

$d_2$  – Алматы бойлығы  $76^\circ$ , ендігі  $\approx \varphi_2 \approx 43^\circ$ .

$$\operatorname{Sin}\alpha = \frac{\operatorname{Sin}36^\circ}{\sqrt{\operatorname{Sin}^2 36^\circ + \operatorname{Sin}^2 22^\circ}}$$

айырымы:

$$76 - 40 = 36^\circ$$

$$43 - 21 = 22^\circ$$

$\operatorname{Sin} 58^\circ$ , яғни онтүстіктен  $58^\circ$ , батыстан  $32^\circ$ .

Осы 1-суретте келтірілген сәуленің сыну өрнегін әл-Фараби әдісі бойынша келтіреміз. Ол өрнек *синус заңы* аталады:

$$\frac{\operatorname{Sin}\alpha}{a} = \frac{\operatorname{Sin}\beta}{b} = \frac{\operatorname{Sin}\gamma}{c} = 2R$$


*Үшкіл есебінің* осы тамаша заңын берген әл-Фараби екені кейінде дәлелденіп отыр.

Сол бойынша жазамыз:

$$\frac{\operatorname{Sin}r}{\operatorname{Sin}i} = \frac{a}{b} = n = \operatorname{tgr},$$

яғни бұл сәуленің бір заттан екінші затқа өткендегі оның жұтылу заңы. Физика ғылымында бұл үлкен орын алады. Қазіргі ғылымда әл-Фарабидың осы заңы ең тұра заң деген пікір туып отыр. Бұл мәселеге кейін, Аллаһ қаласа ораламыз.

Осыған байланысты 2-суретте берілді. Онда әл-Фарабидың *мухарақ* (шұғла) заңы көрсетілген.



2- сурет. Шүгіла, ойыс айна

Оны түсіну үшін табаны шеңбер, төбесі шошақ мосы – Қос – Конус аламыз. Суреттің оң жағында. Оның арабша аты маҳарақ (طورخى). Осы конусты жарып өтегін жазық (Ж) көрсетілген. Ол конустың шеңбер табанын қақ жарып, бетін қыып өткен. Осы қыық сыйықтың аты арабша Қитғ мукафи (فکم حطة). Мағынасы қыық тең (немесе қазақша тіл срекесі бойынша тең қыық. Бұл сыйықтың еуропалық-ғылыми аты-аудармасы – парабола.

Егерде конусты қиган сыйық оның айнала шегінен шықпай түйік сыйық болса, ол шеңбер, егер ол табанға жарысқан – пар-

лас, немесе сопақша қос көз – құтғ қыс (جھٹے қیم) кем қызық – эллипс болады.

Егерде конусты қиган сызық оның тік тіреуіне (білігіне - өсінене) парлас болса, ол сызық құтғ заид (دزار جھٹے) артық қызық – гипербола.

Сонымен қос сәүкелені (конусты) үш әдіспен қиганда үш түрлі имек сызықтар шығады. Конустың өзін сәүленің бір орынан – төбеден (Т) таралу бейнесі деп қарауға болады. Оның бүйірі жазық (Ж) бет болғанда, табан шенбер өрісі (диаметр) сызық – Қыр (К) болмақ. Осы атаулардың арабша аттарын бердік:

Ж – мұст ой (جھٹے)

К – хат – (خط)

Т – ноқат – (نقطه)

Осы түсініктердің ғылымда зор мағынасы бар. Оның себебі конус бейнесі жарық сәүленің тарауын бейнелейтін болса, ал барлық ғалам сол сәүледен тараған болса, мәселе түсінікті болмақ. Осымен байланысты әл-Фараби осы салада көп еңбек етіп, тамаша мирас қалдырған. Біз солардан мысалдар келтіреміз.

Алдымен сызықтардың аттары жөнінде. 2-суретте сол жақта айтылған сызықтардың негізгі өлшемдері көрсетілген:  $a = \text{ұзыны}, b = \text{көлденені}, c = \text{шұғла арасы}, p = \text{шұғла тіреу}, r_1, r_2 = \text{өрістер}$ . Осы өлшемдердің өзара қатынастары:

$$r_1 + r_2 = 2a, \quad c^2 = a^2 - b^2; \quad p = \frac{b^2}{a}; \quad \frac{c}{a} = e; \quad \rho = \frac{p}{1 - e \cos \alpha}.$$

Ұзындық өлшеу мен шұғла аралық өлшеу екеуінің қатынасын  $e = \frac{c}{a}$  орталықтан тыс (эксцентриситет) деп атайды. Айтылған имек сызықтардың аттары осы қатынас бойынша алынған:  $e < 1$  – кем (эллипс),  $e = 1$  - тең (парабола),  $e > 1$  – артық (гипербола).

Осы имек сызықтар аспандық ғалами садақтар, жақтар, бағыттар.

Абайдың бір ауыз өлеңін еске алайық:

“Өмір жолы тар соқпақ, иілген жақ.  
Іілтіп екі басын ұстаган Хақ.  
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,  
Құлап кепте тұра шық, көзіңе бақ”.

Әл-Фарабидың ғылыми ізденісі, табыс мираптары алдымен осы имектерді зерттеуден шығады. Шүгіл түсінігі, ойыс айна мириа ( $\omega_{\text{мириа}}$ ) түсінігі – бәрі осыған соғады. 2-суреттің астыңғысы сол имек сзыбытың бірі парабола негізінде жасалған.

Шеңбер сзыып, оның өрісін біріне беледі. ( $oa=ab=bc$ ....) Олардың ұшықтарын с ноқатпен жалғастырады. Сол алынған киғаш сзыбытарды жазық бағытқа жалғастырсақ парабола ноқаттары табылады.

$$r_o = oo, r_a = aa, r_b = bb$$

Осы әдіспен жасалған имек сзыбыты қалыпқа – сзыбышқа айналдырады, яғни имек ағаш сзыбыш қалып жасайды. Сол бойынша жұқа қаңылтырдан табақша ойыс айна жасайды. *Параболоид айна шибну қатеги мукафи* (فَاكِمْ حَظَةً بِبَنِيَّشْ) оның ортасында оттық шүгіл – мухарақ (رَحْمٌ) ноқаты болады. Осы муқарақ түсінігін біз ғылым тарихында алғаш рет әл-Фараби енбегінен көреміз. Оның «Есеп ғылымы» “Ал-расаил ал-раиасия” (رسانہ ایرنا لی ناصر) атты енбегін караңыз (Алматы, “Ғылым”, 1972, 103-106 бет).

Европа ғылымына бұл түсінік, әл-Фараби енбегінен алынған И.Кеплер арқылы енгізілген. Яғни әл-Фарабиден кейін жетіғасырдан соң. Енді ойлап қаралық. Осы түсінік болмаса қазіргі ғылым бүгінгі дәрежеге жетпеген болар еді. Осы мәселеге мысалдар келтіреміз.

Осында күрделі мәселе козғалатын болған соң айтылған имек сзыбытардың, алдымен параболаның кейбір касиеттерін еске алайық. Оған жүргізілген жанама сзыбык ТЖ (2-суреттің астыңғысы)  $\angle$  КЖШ бұрышының екіге бөледі:  $\angle$  ШЖТ =  $\angle$  ТЖК. Мұнда Ш – шүгіл ноқаты, КЖ сол ноқат жатқан білікке парлас: ТШ // КЖ. Жанама сзыбыты S ноқаты екіге бөледі:

TS=SЖ және соған байланысты

ТШ=ШЖ.

Осы қасиеттен шығатын нәрсе параболаның білігіне жарыскан – парлас сәуле оның бетінен шағылысқанда шұғла нокатынан өтеді. Демек параболаға түсken сәуле шұғла нокатына жиналады. Ол от орны – шұғла – мухарап – фокус болады. Соған керісінше, шұғлаға орналаскан жарық сәуле онан тарағанда парабола білігіне жарыса түзу сыртынша таралады (ЖК). Прожектор, фара жарыктары осы негізде құрылған.

Ендігі бір есте болатын нәрсе осында айтылған жарық – сәулені кеңірек мағынада күш-куат деп алсақ, онда мәселе ғалами кең мағынаға апарады.

Шұғлаға орналаскан және онан өтетін күшті орталық күш деп атайды. Мысалы шұғлаға Күн орналасқан болса, ол орталық күш. Оның айналасында, эллипс немесе парабола имектері бойынша айналатын шырактар, нөкерлер, планеталар – сол орталық күштің тарту әсерінде болмак. Ол нөкерлердің айналыс қуаты (моменті) өзгермейді. Оның есептегі өрнегі бірінші жанама қатысы – туындысы – нөлге тең болу керек.

$$M = \frac{dL}{dt} = 0 .$$

Онан шығады:  $L=[rmv]=tұрақты.$

$r$  -өріс,  $m$  - салмақ,  $v$  – шапшаңдық....

Осылмен байланысты үш бағыттағы қозғалыс нокаттың жалпы өрнегі болады:

$$L_x x + L_y y + L_z z = p$$

Мұның мағынасы нокаттың қозғалысы жазық бетте, бірінебірі тік бұрышты болмақ.

Нокат қозғалысын шеңбердің – имектің бөлшектері ауданында тексеру қажет. Ондағы нокат қозғалысы – шапшаңдығы садактық сектор болып аталады.

Жоғарыдағы қафіда бойынша нокаттың секторлық

шапшаңдығы да тұрақты болмақ. И.Кеплердің екінші заңы осыған мысал болады. Оның өрнегі:

$$2\delta = r^2\phi = \frac{L}{m}.$$

мұнда  $r$  және  $\phi$  орталық координат (өрісі, бұрышы).

Секторлық шапшаңдықтың негізгі өрнегі:

$$\delta = \frac{dS}{dt} = \frac{1}{2}rv\sin(r, v).$$

мұнда  $S$  – жарық ауданы,  $t$  – уақыт,  $r$  – ноқаттың айналыс өрісі,  $v$  – шапшаңдығы ( $r, v$  солардың өлшеуіші - модуль).

Осы келтірілген өрнектер бойынша Ньютоң мен Кеплердің есебі шығады.

Орталық күш эсерінен қозғалған ноқаттың айналыс күші олардың ара қашықтық айналыс күші, олардың ара қашықтық сыйығының шаршысына көрі күрілымдас:

$$F = \frac{a}{r^3} r = -\frac{Wnr}{r^2},$$

мұнда  $a$  – тұрақты сан.

Ноқаттың имек ізі – жолы – траекториясы айтылған қима сыйықтар:

$$r = \frac{p}{1 + e\cos\phi}, \quad (a > 0), \text{ тарту Күш.}$$

$$r = \frac{p}{1 + e\cos\phi}, \quad (a < 0), \text{ тобу күш}$$

мұнда орбита параметрі – имек өлшеуіші  $p = \frac{L^2}{m[a]}$ .

$L$  – ноқаттың айналыс күш саны,

$W$  – оның толық қуаты,

$$e = \sqrt{1 + \frac{rWL^3}{ma^2}} - \text{имек (орбита) шалыстығы (эксцентр).}$$

Тарту жағдайында ( $a>0$ ) орталық қүш әсерінен козгалған ноқаттың ең жақын орыны (перигейі) болады:

$$r_{\min} = \frac{p}{1+e}$$

Егерде  $W>0$  болса,  $e > 1$  – бұл гипербола имек.

Егерде  $W=0$  болса,  $e=1$ , бұл парабола имек.

Егерде  $W<0$  болса,  $e < 1$  – эллипс.

Кейінгі эллипс имектің ноқат айналыс дәүірі болады:

$$T = 2\pi \sqrt{\frac{ma^3}{a}}$$

Мысалы Күнді айналған нөкер ноқатты алсақ, онда  $a=f-mM = 0$ ,  $m$  – ноқат салмағы,  $M$  – Күн салмағы, Кеплер заңдары осыдан шығады: Нөкер эллипс жолымен айналады, оның бір шұғласында Күн (1-зан), Кеплердің үшінші заны: екі нөкердің айналыс уақытының шаршылар қатынасы олардың орбиталарының үлкен жарты остерінің текше қатынастарына тең.

$$\frac{T_1^2}{T_2^2} = \frac{a_1^3}{a_2^3}$$

Оны мына түрде қарайды:

$$4\pi^2 \frac{a^3}{T^2} = \frac{a}{m} = fm - \text{тұрақты}$$

Бұл өрнек жоғарыда айтылған Эллипс айналыс дәүірінен шығады, яғни:

$$T = 2\pi \sqrt{\frac{ma^3}{a}}$$

$$T^2 = 4\pi^2 \frac{ma^3}{a}. \text{ Осыдан жоғарыдағы өрнек шығады...}$$

Енді параболалық (екінші) шапшаңдық жөнінде бір ауыз сөз.

Ноқат жерді айналғанда оның имек жолы (орбитасы) па-


бала түрінде болса ( $e = 1$ ), соны екінші шапшаңдық деп айтады. Осы бойынша алтып қарағанда Жердің тарту күшінен өтіп, Күннің іекеріне айналу үшін қандай шапшаңдық болу керек. Ол есеп мұнаа:

$$V_2 = \sqrt{2g_0 r_0} = 11,2 \text{ км/сек}$$

Космостық кемелер осыны пайдаланады...

Әл-Фараби ілімінің қазіргі ғылымда, оның ең алдыңғы қатарында қандай орын алатыны осыдан түсінікті болса керек.

Мұндағы ең тамаша мәселе әл-Фараби ілімінде қозғалған қагидаларды Құраннан табу. Сол арқылы ғылымға жаңадан жол ашу. Бұл мәселеге біз, Аллаh қаласа кейін ораламыз. Қазір әл-Фарабидың бейнелеу саласынан мысалдар келтіреміз 3-сурет бес бұрыш және көп өлшемді үшкілдер салудың мысалдары...



3-сурет. Көп өлшемді бейнелер

Әл-Фараби заманында бес бұрыш бейне салу өте киын мәселе болған. Оған жалпы алғанда рұқсат та болмаған. Оның себебі бес бұрыш он екі жақ жүлдyz затының бейнесі. Оны тұмар ретінде ғана қолдануға болады деген Пифагор заманынан келе жатқан ғұрып болған. Сонымен байланысты музикалық ноталар есебінде де бес санын қолдануға рұқсат болмаған. Ол жағын кейін тағы түсіне жатармыз, қазір сол бес бұрышты әл-Фараби әдісімен салып көрелік. Өрісі R-тұрақты санды шенбер сыйады. Яғни:  $BO=OA=R$ . Осыны екі бөліп F нокатын табамыз. Онымен B нокатын қосамыз. Сол бойынша J нокатын табамыз.:  $BF=FJ$ . Сонар бес бұрыш сзызығы шығады: яғни  $BJ=DV=a_5$ . Осыны шенбер бойынша жүргіземіз. Бұл арада ескере кететін бір нәрсе он екі жақты жүлдyz бейне ішіне текше сзызуға болады. Ол текшениң қыры бес бұрыштың кергіші болып табылады:  $Dh=a_4$ . Енді осы екі көп жақтың қырларының қатынасын алайық:

$$\frac{a_4}{2} : a_5 = \cos 36^\circ = \frac{\sqrt{5} + 1}{4} = 0.809$$


Осыдан шығады:

$$\frac{a_5}{a_4} = \frac{\sqrt{5} - 1}{2} = 0,618$$

$$\left(\frac{\sqrt{5} - 1}{2}\right)^2 = \frac{3 - \sqrt{5}}{2} = 0,382; \quad 0,618 + 0,382 = 1,000.$$

$a_1$  – текше қыры, ол Жер бейнесі. Онда әулие қатынас  $\frac{\sqrt{5} - 1}{2} = \frac{a_5}{a_4}$  Жер мен Көктің қатынасы деген терең мағына туады.

3-суреттің астыңғысында әл-Фарабидың өлшемдес емес сзызықтарды қалай қабыстырған әдісінің бейнесі берілген. Мысалы бірлік өлшемді шаршы сзызамыз. Оның кергіші  $\sqrt{2}$  бірлікпен өлшемдес емес – Иррационалдық сан... Бірақ оны сзызықпен өлшемдестіруге болады. Яғни онан басқа үшкілдер шығарамыз:  $1 + \sqrt{2} + \sqrt{3}$ ,  $\sqrt{2} + \sqrt{3} + \sqrt{5}$  тағы сол сияқты. Осы негізгі әдіспен ол кісі көп өлшемді көлемді бейнелер жасау амалын берген. Ол өзі ғылымда зор орын алған нәрсе.



$AB \dots$  БӨРЕНГЕ:  $v$ -ДОМАЛАУ ЖЫЛДАМДЫГЫ.  
 $t$ - ОМДАҒЫ САРАТ УАҚЫТЫ.


$C$ - СЭЧЛЕ ЖЫЛДАМДЫГЫ.

$t'$  - ИСАЛПЫ УАҚЫТ.

$t < t'$  ... САЛЫСТЫРМА ПІКІР БОЙЫНША.

$t' = t \sqrt{1 - \frac{v^2}{c^2}}$ . (ЭЙНШТЕЙН. ПІКІР:

(АМЕРИКАҒАЛЫМЫ-ФИЗИК  
 В. РАЙНДЛЕР СОЙНША).



$$PR = \sqrt{h^2}$$

#### 4- сурет. Салыстырма әдіс негізі

Енді бір тоқталатын нэрсе Эйнштейннің салыстырмалық теориясымен әл-Фарабидың сәуле тарау ілімін салыстыру. Оған арналған 4-сурет.

А. Эйнштейннің салыстырма қағидасы үстіміздегі ғасырдың ғылымына арқау болып саналған нэрсе. Оның барлық саласын талдау мақсаты бізде жок. Оның тек бір ғана негізгі қағидасын әл-Фараби іліміне салыстырып қарамақпаз.

Ол қағиданың негізін женіл түрде жақында американ

ғалымы, физик В.Райндер былай береді. Бір кесінді дөңбек бөрене ағашты алып, соның бойына бір басынан екінші басына қарай жарық сәуле таратсақ, сонымен қатар ол дөңбекті көлденең домалатсақ не көреміз?

Салыстырма пікір бойынша козғалыста болған затта уақыт кемиді. Бөренеден тыс жердегі уақыт  $t_1$ , болса, бөренедегі уақыт  $t$  болса онан шығады:

$$t_1 < t: (ct_1)^2 + (vt)^2 = (ct)^2,$$

$c$  - сәуле шапшандығы,

$v$  – бөрене шапшандығы.

Ол өрнекті мынадай түрге келтіреміз:

$$t_1 = t \sqrt{1 - \frac{v^2}{c^2}}.$$

Мұны механикалық бұранда ережесімен салыстыруға болады.

$$PR=Qh, h=2\pi RS \sin \alpha$$

Екінші жағынан мұны әл-Фарабидың сәуле тарау ілімімен салыстыруға болады (1-сурет).

$$n_1 = n_2 \sqrt{1 - \cos^2 \alpha}$$

Сәуленің жұтылу, қисаю көрсеткіштерінің салыстырма өрнегі.

Салыстырма пікірдің бір кисынсыз, ғылымға кедергі бола бастаған жері оның сәуле шапшандығын өзгермейтін тұрақты сан деп қарасты. Кейінгі кезде ғалымдар Эйнштейннің осы қатесін тауып, оның қағидасын тастан бұрынғы, яғни әл-Фарабилік қағидаға оралып отыр. Ол түсінікті, әйткені әл-Фараби ілімі хақтық негізге сүйенген.

5-сурет Нұх кемесі аталды.

Мұның негізі де жоғарыда айтылған бейнелерге жатады. Тарихта Нұхтың кемесінің негізгі орындары екі текшеге келеді:


ұзындығы 1200 аршын, көлденеңі және биіктігі 600x600 аршын. Осыған біз әл-Фараби әдісімен қосымша сыйкытар жүргізіп, бірнеше керекті бұрыштар шығардық.

Алдымен әулие катынас саны, бұрышы осыдан екені белгілі. Оның ғибрат үшін айғақ мирас етілгені жөнінде аят бар (54-сүре, 15 аят). Біздің Тұран тауында – Қазықұрт соған тікелей байланысты. Күн сағатын айыру мен алтын қима байланысы берілді.

Солармен байланысты шыққан мағыналы өрнектерге көніл аудару керек:

$$\text{Мисалы: } 387 \pm 153 = \begin{cases} 540 = 108 \times 5 \\ 234 = 26 \times 9 \end{cases}$$

$$387 + 17^2 = 387 + 289 = 676 = 26^2.$$



5- сурет. Нұх кемесі

$$\text{Онан шығады } \operatorname{tg} 33^\circ 6' = \frac{17}{26} = 0,6518$$

Онан шығады:  $33^\circ 6' - 7^\circ 6' = 26^\circ$ .

Тағы бір тамаша сан:  $4914 + 450^2 = 9416 = 214 \times 44 = 107(62+26)$ . Тұран Қақпасына оралдық. 214 – Жауһар. Келесі бөлімді Жауһар атадық.

## ЖАУҺАР

Табиғи заттардың жалпы болмыс түп атасын арабша Жауһар атайды. Оны жұлдыз текті зат мағынасында алуға болады.

Жаратылыс тектердің арғы тұлғаларын қарастыруға арналған бөлімді «Жауһар» атаған себебіміз сол. Соған арнап жасалған 6-суретті қарастырамыз.

Бұл 6-суретте үш бөлім. Үстіңгісі бес тек заттар мен солардың бейнелері, мүшелері.

Олар: оттек – төрт үшкіл жақты,

Желтек – сегіз үшкіл жақты,

Сутек – жиырма үшкіл жақты.

Жертек – текше – алты шаршы жақты,

Жұлдыз тек – бес бұрышты он екі жақты. Олардың жақтары (Ж), тәбелері (Т), қырлары (К) есептелген: Ж+Т+К=N.

Бұл есепті біз бірінші рет 1960 жылдары шығарып қолданудамыз.

Оның қорытындысы:

- 1)  $4+4+6=14$ ,
  - 2)  $8+6+12=26$
  - 3)  $20+12+30=62$
  - 4)  $6+8+12=26$
  - 5)  $12+20+30=62$
- 

$$50+50+90=190$$

Осы түр, осы жинақ өте терең мағынаға соғады. Алдымен мұнда бас батаның кәміл еселігі түр:  $19 \times 10$ . Екінші жағынан Тұран Қақпаның темірлік санаты түр ( $62+26=88$ ). Осынын

#### **6- сурет. Инсаф, тектер, бейнелер**

негізінде барлық өлшемдер -- қиастар мәселесін, химиялық катыстар мәселесін, тағы басқа ғылымдар саласын қайта қаруға тұра келеді. Бұл мәселенің біртіндеп шеше жатармыз. Қазір айта кететініміз бізден бұрын бұл ғұзы көп жакты бейнелерді Еуропа ғалымдары да көн қарастырган. Оларда Эйлер атымен байланысты мынадай өрнек бар:  $J+T=K+2$ , яғни жактар мен төбелердің жиыны қыр қабырғалар жиынына тең косқан екі. Мұны біз мынадай бейнеге келтірдік: Жак – жазықтық бейнесі үш нокат – үшкіл, тебенікі – бір нокат. Қырдықі – сыйықтікі екі нокат. Оларды теңеу үшін екіге косу керек. Басқаша айтканда бейненің мүшелер саны алты:  $3+1+2=6$ . Оларға косылып отырган екі

жалпы табиги жұптық сан дең білеміз. Соңан келіп егіз-сегіз қағидасы туады:  $6+2=2+6=8$ .

Осымен байланысты ғылым тарихына көз жіберлік. Арабша жазық (Ж), қыр – сыйық (Қ), төбе нокат (Т) деген сөздердің атауларын алғып, олардың сандық мәндерін қарастырдық: мустой=516 (ج=ج);

хат=609 ط=(Қ), нокат=159 ط=(Т). Жиыны болады:  $516+609+159=1284=214 \times 6=214 \times 6=214 \times 5=1070$ . Демек Үйрістың масалас=үшкіл есімі шыкты. Осыған қарағанда, жоғарыда айтылған бас бата саны шығуына қарағанда, басқа да көп мәселелерге қарағанда біздің колданып отырған әдісіміз сол ерте замандарда белгілі болған. Кейін ұмытылған болу керек. Осыларды еске алғып кітап атын: «Үш арыс» атадық. Айтынан бейне мүшелердің үшкілін салдық (6-суреттің сол жағында).

Бес тектің жиын сандарынан біз жалпы өлшемде – киас – симметрия – түрлерін таптық. Ол мынау:  $50+90 \times 2=50+180=230$ . Мұның түсінігі жақ пен төбे дақ сандар: үштік, бірлік. Олар түрленген – бірінін орынын бірі баса береді. Сондыктан оны бір ғана рет аламыз (50). Сызық – Қыр болса ол екі басты – жұп. Сондыктан оны екі еселеп аламыз:  $90 \times 2=180$  (түзу сыйық). Жиыны  $180+50=230$  барлық симметрия түрі осыған тен екені ғылымда белгілі (Е.С.Федоров енбегін қараныз). Осы санды бейнелер мүшесі санына қосамыз:  $1284+230=1514$ . Осы санды алты еселеп, бас бата санын екі еселеп «атты алаи» қағидасы бойынша орталық суретті салдық (6-сурет):

$$1514 \times 6+786 \times 2=9084+1572=10656=222 \times 48.$$

Тамаша терен мазмұнды сандар. Мұнда 222 – инсаф саны (فاحنا). Ол кайталама еселенген 48 рет= $12 \times 4$  төрт мүшел... Ғаламның ғадалатты негізі осында. Сол себепті біз бұл суретті инсаф атадық.

Қозғалған мәселенің казіргі ғылымдағы негізін түсіну үшін аталған ғалым Эйлердің осыған байланысты теориясын еске алайық. Бірнеше нокаттардан тұратын тұйық сыйыкты алайық. Егерде осы имек (тұйық) сыйыкты айланып шығуда оны екі рет баспауға болады, егерде оның тақ сыйыктар түйіскен нокаттар

саны екіден аспаса. Осы ереже бойынша қазір математикада сзықтар теориясы – *графтар теориясы* шығып отыр. Оның өзі бұл құнде барлық ғылым саласына қолданыла бастады. Соның ішінде ол ықтималдық теориясына, информация теориясына колданылады, топология саласына негіз болды. Сол бойынша молекулалардың күрделі құрылыштары зерттелуде. Америка ғалымы Шенон теориясы соған байланысты.

Енді осы қағиданы түзу көп жақты бейнелермен байланыстырып қаралық. Олардың тәбелерінде түйісетін сзықтардың (қырлардың) саны мен жактардың бұрыш санына байланысты. Төрт жактарда олар екеуі де үштен. Яғни төрт үшкілден таратып тетраэдр – оттек бейнесінің әрбір тәбесінде түйісетін қыр саны да үш ( $K=3$ ), жақ бұрыш саны да үш, ( $\psi_{\text{шк}}=3$ ). Онан кейінгі сегіз жакта бұл сандар:  $K=4$ , жақ үшкіл=3, онан кейінгі жиырма жактыда  $K=5$ , жақ үшіл 3. Онан кейінгі текшеде Қыр  $K=3$ , Жақ бұрыш 4. Онан кейінгі он екі жактыда  $K=3$ , жақ бұрыш-5.

Бұлардың жалпы өрнегі болады:

1) (3,3), 2) (4,3), 3) (5,3), 4) (3,4), 5) (3,5).

Шенфлис бойынша.

Мұнда екіден пар: (3,3); (3,3), (4,3), (3,4), (5,3), (3,5). Біздің шығарып отырган (4), (14), (26: 26), (62:62) сандарға сәйкес заң.

Осы ереженің табиғи фактының Эйлердін сзық теориясына терең байланысты екені көрініп тұр. Оның аты кристалдық симметриялы заттардың барлық мүшелері: жақтары, қырлары, тәбелері біріне бірі тығыз байланысты. Сондықтан да бұл табиғи заң жаңа теорияларға негіз болып отыр.

Эйлердің сзық теориясын былай келтіруге болады. Түйінсіз (ноқатсыз) сзық жүргізу үшін бұрынғы тақ сзықты ноқаттар саны екіден аспасын. Біздің ережемізде ондай тақ екеу: ноқат-тәбе және жақ. Яғни екеу ғана. Сондықтан біз екі басты – сзық жүргіздік: яғни  $90 \times 2 = 180$  – түзу сзық. Біздің бірлігіміз 50. Оны косамыз осы сзық санына:  $50 + 180 = 230$ . Онан барлық симметрия түрі шыкты.

Сол себептен қазіргі ғылымның топтар – группалар теориясының басы айтылған көп жақтылардан басталады.

Бұл мәселемен шұғылданған адам оның жалғасын өзі

қарастыра берер. Бұл арада біздің мақсатымыз қаралып отырған мәселе тек ертедегі тарихи ғана мағынасы бар нәрсе емес. Оның қазіргі ғылымда терең тамыры жатқанын аңғарту.

6-суретте келтірілген көп мәселені окушы өзі-ақ түсінер деген үмітіміз бар. Солардың ішінен қайсы біреулерін көрейік. Алдымен айтылған симметрия саны 230 қарайық, оның тоғызы есесі:  $230 \times 9 = 2070 = 1284 + 786$ .

1284 – үшкіл саны, 786 – бас бата саны. Ойлап карасаның осы ғажап мұғажиза. Бастапқы ғалами бес тектің жиын саны бас бата әрпінің сандық кәмілі болғаны айтылды. Ол  $19 \times 10 = 190$  он тоғызы өз алдына тамаша сырлы нәрсе. Ол ғалами сан. Қағбамен байланысты

$$19 \pm 7 \begin{cases} 26 \\ 12 \end{cases}, \text{ темірмен – жермен байланысты. } \frac{26(1+26)}{2}. \text{ Ол}$$

Құранның құрылыш сүре саны:

$$19 \times 6 = 114 = 57 \times 2. \text{ Ол әл-Хадид } 31 + 26 = 57\text{-сүре.}$$

$$\text{Онан мынау өрнек шығады: } 190 + 161 = 351 = \frac{54^2}{19^2 \cdot 10}.$$

Бұл тамаша сан Ал-Саратан (351) жүлдіз саны. Ол Шаян-Қоян Айдың орны, оның тақты – оттығы – А (ақ = 1 • ε). Ол Абақ санын дос – миглаф санына қосамыз болады:  $220 + 10 - 4 = 324 = 108 \times 3$ .

*Үш ақиқат.*

$$\text{Үш арыс бас үшкілдің бұрышынан бір мысал } 39 \pm 9 = \begin{cases} 48 \\ 30 \end{cases} =$$

=  $\operatorname{tg} 38^\circ 56'$ . Оған тоғызы қосамыз:  $38^\circ 56' + 9^\circ = 47^\circ 56'$  (6-суретті қараңыз).

$$\text{Тағы бір мысал: } 25^\circ 48' + 13^\circ 12' = 39^\circ; \quad 39 \pm 9 = \begin{cases} 48 \\ 30 \end{cases}. \text{ Екеуі де}$$

шенберлік, қайталама, садақ. Оған қосамыз:

$$\frac{54}{60} = \operatorname{tg} 42^\circ, \quad 48 \pm 42 = \begin{cases} 90 \\ 6 \end{cases} \text{ Шенбер сандары...}$$

Бас бата саны мен Жауһар (бас тек) сандарының қорытынды саны:  $786 + 214 = 1000 = 618 + 318$ .

6-суреттің ортасында алты ұялыш ара есеп саны екені айтылды. Соның айналасындағы сыртқы шенбер он екі бөлінген – мүшел есебі. Оның ішіндегі сызылған Шаршы – Жұлдыз шаршысы. Оның бұрышында (астында) тұрған сан 53. Құран сүресі *Ал-Нұжисым* – Жұлдыз. Ол Шаршының бұрыштарында тұрған сандар (2, 2, 6, 6) сол орындағы көктердің рет саны: 2 – Көк Айқызы – Ғұтарад (екі рет келеді), 6 – Көк Шонай – Мұштари (екі рет). Бұл шаршының Жұлдыз шаршы аталуы осыдан. Сурет астында шаршының екі бұрышының ортасында 54 және 91 сандар тұр. Бұлар Құрандағы Айдың (54-Ал-Қамар) және Құннің (91-Ал-Шаміс) сүрелері. Олардың аспандық орындары осы орындар. Бұларды шаршының бұрышы етіп алсақ, одан айтылған шаршы сияқты Ай шаршысы және Құн шаршысы шығады. Сонымен үш шаршы 12 мүшелді толтырмақ:  $3 \times 4 = 12$ . Бас шенбердің ішіне койылған сандардың төртеуі (жұлдыз шаршы бұрыштары) айтылды. Олардың қалғандары 54 – Ал-Қамар үстін 1-Ай – бірінші Көк. 91 – Ал-Шамси үстінде 4 – Құн төртінші Көк. Олардан әрі қарай екі жақта оңды – солды: 3-3 -Шолпан, 5-5 – Арай, 7-7 – Санжар. Мүшелге бөлігенде оң жақтағы 5 – Арай – оның үйі жыл басы 1 – Тышқан, екінші сол жақтағы үйі 8 – Қой, 3 – Шолпан дікі: 2 – Сиыр мен, 7 – Жылқы, 2 – Айқыздікі: 3 – Барыс пен 6 – Жылан. 1-Айдікі: 4-Қоян, 4 – Құндікі: 5-Ұлу, 6-Шоңайдікі: 9 – Мешін мен 12 – Доңыз, 7 – Санжардікі: 10 – Тауық пен 11 – Ит. Осымен жеті хат көктің он екі мүшелге тарауы аяқталды. Бұл көріністі кейде он екі мүшел, он саусақ аттаймыз. Оның себебі Айды он білек, Құнді сол білек деп алса санаған серіктердің мүшел орындарға орналасуы он саусақ сынды болып шығады: Айқызы – бас бармак; Шолпан – сұққол; Арай – орган қол, Шонай – Атшак, Санжар – шынашақ.

Біздін Тұран халқының Арыстан бап аталағын әулие орыны аспанның осы құрылышына байланысты. Соны еске сала кете-лік.

Жеті хат көктің орталығы 4-Құн болғанда ол жердің және басқа нөкерлердің орталық күші – Шам шырағы. Аспан уақыт есебі соның қозғалысы бойынша жүргізіледі. Темір Қазықты айналған жұлдызды аспанның бейне сағат кілті секілді белгілі Жеті Қарақшы – Көк шөміш дедік (1-суретте). Сол шөміштің

мандайша сызығы Күн орны Ұлу мен Темір Қазық жұлдызы арасына бағытталған (6-сурет). Сурет ортасындағы бас бата саны тұрған жер Темір Қазық орыны. Ұлу мүшелдің айлық жұлдыз аты арабша Асад – қазақша Арыстан. Ол езі Кек орталығы Күн оты болған себепті, есеп басы болған себепті, оны Аспан Қақпасы мағынасында алғып Арыстан бап атаған. Ол өзі ежелден Тұран елінің орталығы болған себепті оны біз Тұран Қақпасы атадық.

Осы Тұран Қақпасындағы бір тамаша нәрсе оның бұрыштарындағы екі сан, 2, және 6. Бұл екеуі Егіз-сегіз қағидасына келеді:

$$6+2=2+6=8=2^3.$$

Жоғарыда келтірілген бес тектің сандық мәндері осы екенін құралған деуге болады:  $26....62....14+12=26$ . Галамыңға тажап сырғы аспанда жазулы тұрған секілді. Бас үшкіл де, бас бата да, бәрі де соған соғады.

Тұран Қақпасына өзінің сәлемін – уақытын жіберген пайғамбарымызға, әлбетте, осы сырлар айқын болған деп білеміз. Мәселенің жалғасы 7-суретте.

Жетілік тор ортасына онда 552 санын қойдық. Ол өзі бірнеше мағынада мазмұнды сан. Ол мынау:  $552=92\times6=516+36$ . Мұнда 92-Қағба саны,  $516=\text{жақ=мустой}(\text{يوشىم})$  сан,  $6\times6=36$  – шеңбер саны. Оның айналасында Жауһар саны ( $214=\text{رەوجىج}$ ). Алты Жауһар – алты алаш, ортасында ғалами санды Қағба. Ол ғадалатты Алаша хан. Бәрін қосқанда болады:


$$6(214+92)=1284+552=1836.$$

Атомдардың өзек салмақ саны – *протон* саны. 1284 - барлық бейнелердің мүшелер саны екенін білеміз. Айтылған тендік бойынша оны мына түрде жазамыз:

$$159+609+506\times2+36=1800+36=1836,$$

яғни екі жақ арасында 2Ж ( $516\times2$ ) бір сыйық – қыр – қабырға ( $K=609$ ), бір төбе=нокат:  $T=159$ .

Осымен байланысты Құрандағы *ақ жістің* пен *қара жістің* жөніндегі бір аятты келтіреміз (2-сүре, 187 аят). Оның сандық



7- сурет. Жаңдар, Қызыжібек

Мәннің мынадай:  $2238 = 104 + 650 + 90 + 844 + 650$ . Осы санды бейнес мұшысарлардың көзүйдөн жазаланып:

$$516 + 609 + 159 \times 7 = \text{Ж} + \text{К} + 7\text{Т} = 2238.$$

Ойнайдыңыз! Нұксанды сандар.... Осы сандының мынадай өрнек жазаланып:

$$x^2 - 2238x + 1836 = 0 \quad (x = 1836 - \text{шротон}) \quad x_1 = 1119 + 609, \quad x_2 = 1728, \quad x_3 = 510.$$

$$\text{Мәнніңде } 1728 - 432 \times 4 = 108 \times 10, \quad 510 = 17 \times 30.$$

Сөзіл аударғаным бір шарое жайт, сұзаның (кыл) дегендегендегінде шароның көзі де, жазының түрі де, сандың мәндердің де жақыннан:

$$\text{Ж} = 619 = \underline{\underline{619}}$$

$$\text{К} = 609 = \underline{\underline{609}}$$


Арабша+қазақша айтылатын қос сөз бар: *Қызы-Жібек*, қызы – арабша *Жібек*. Екеуінен жеті – жүрек сандары шығады:  $107 + 25 = 132$  (Қалаб=сабиғ). Екеуі де Үйдрыс үшкілдерінен:  $(1070 - \text{маслас}), (3^2 + 4^2 = 5^2 = 25)$ . Осыдан шығады екі жіп =  $619 \times 2 = 1238$ .

$$1238 + 132 = 1370 = \frac{5}{2} . \quad 548 (\text{548-Ал-Иакут}). \quad \text{Басқа қосымша сандарды оқушы өзі табады.}$$

Осыған жалғас 8-суретке келеміз. Мұнда айтылған Жауһар – білек түсініктері түрленген. Оған Тұран сандары кірген.

Тұран+қызы деген сандардан тамаша әулие саны шығады:

$$382 \times 2 = 764 = 657 + 107.$$



8-сурет. Тұран Жауһары


$111=37 \times 3$  бұл санды жеке алып қарасақ ол Микаил (су қожасы) періште саны.

Ал-Иақут – асыл тас (Шолпан тасы, кейін айтылады). Онымен Ғұтарад-Фараб саны тамаша байланысты екені байқалады:

$$284+264=548.$$

$24 \times 11=264$  - әл-Фарабидың бас нотасы – Ай нотасы. Сонымен Күннен бергі ішкі үш көктің тамаша байланысы шығады (Ай+Айқызы+Шолпан). Олар үш Арыс – Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс – Тұран Қақпасының босағасы.

Бұл суретте Тұран Қақпа саны ерекше, Жауһар арқылы берілген. 8-суреттегі да сол бойынша Тұран Жауһары аталады. Жалғасы 9-суретте. Онда орталық Алашахан ноқат. Оның айналасындағы алты алаш Жауһарлар.



9- сурет. Ноқат

Жиын саны:  $37 \times 39 = 1284 + 159 = 1443 = 111 \times 13$ .

Онан көптеген мағыналар туады:  $39 \pm 37 = \begin{cases} 76 = 19 \times 4 \\ 2 \end{cases}$ ;

$$(1433+609)+(137 \times 4) = 342 \times 6 + 274 \times 2 = 2052 + 548 = 2600 = 52 \times 50.$$

Темір саны – Тұран саны – хамды саны. Оларға жалғас:

$$159 \pm 137 = \begin{cases} 296 = 37 \times 8 = 37(2+6) \\ 22 = 11 \times 2 \end{cases}$$

Онан шығады:  $26 \times 11 = 286$

Екінші – Бақара - Өркеш сүренің аят саны. Ол өзі барлық химиялық санның бастауы:  $15 \pm 11 = \begin{cases} 26 \\ 4 \end{cases}$

Күрделі мәселе: Ойласу керек.

Жауһарлар туралы осымен токтата тұрамыз. Оның негізгі қорытындыларына кейін, Аллаh қаласа қайта ораламыз. Оған дейін Жер мен Көктің байланысы жөнінде біраз сөз.

## ҚАЙТАЛАМА АСПАН. ЖАРЫЛГАН ЖЕР

“Ал-Тарқ (Тұнқатар) атты сүреден мысал.

..... - قرآنلاروس

Жиын саны болады:  $86 + \frac{310+31}{341} + 17 = 444 = 222 \times 2$

Тамаша сандар :  $111 \times 4 = 37 \times 12 = 444$  = جاتاھул жылжу (тұнқатар) саны.

$341 \times 2 = 682$  – Ал-Мисақ саны (قاقیملا 345)

$$\left| \begin{array}{c} 86 \\ 68 \end{array} \right| = 64 - 36 = 28$$

## 154—Қадим (ертедегі)

18 - ғалам

$$\frac{6}{8} = \frac{3}{4} = \operatorname{tg} 36^\circ 52' \quad (\text{Күн нотасы})$$

(Ыңдырыс үшкілі)


Осы терең сырлы сүреден екі аяты 10-суретте көлтірдік.

Олардың мағынасы: “Айналған аспанга серт” (11), “Жарықты жерге серт” (12) деген. Олардың сандық мәндері мынадай:

$$11) 6+102+1101+304=1513$$

$$12) 6+1032+1101+195=2334$$

$$23) 12+1134+2202+499=3847=55847-52000.$$



10-сурет. Айналған аспан, жарылған жер

Мұнда 55,847 темір (хадид) атомының салмағы, 52000 оның қоспа реті:  $26 \times 2000 = 52000$ .

Не ойлауға болады?

Мәселенің негізі тереңде жатыр, өйткені темір тегі барлық ғалам тегі, ол Темір Қазық, ол темір өзек, темір шатыр-аспан денелерінде және жерде бар. Ол тыныс металы – гемоглобин өзегі – қан тамыры. Осы сүреден кейінгі 96-сүре Ал-Ғалақ соған арналған. Ондағы басқы бес аят ең алғашқы уахилар. Онда зор мағына жатыр:

$$96 \pm 86 = \begin{cases} 182 = 91 \times 2 \\ 10 = 5 \times 2 \end{cases}$$

91 – Ал-Шамси Күн сүресі:  $10 = 5 \times 2$  он саусақ – пешене.

Осыдан отыз жыл шамасы бұрын жазылған біздің «әл-Фараби санаты» атты мақаламыздан үзінді:

$$F = \frac{Z}{A - 2Z} = \frac{26}{55,847 - 52} = \frac{26}{3,847} = 6,758$$

Онан шығады:  $\ln F = \ln 6,758 = 1,91055 = 0,382 \times 5$

$$\text{Мұнда } 0,382 = \varphi^2 = \left( \frac{\sqrt{5}-1}{2} \right)^2 = \frac{3-\sqrt{5}}{2} = 0,382$$

$$\text{Әулие сан: } \frac{\sqrt{5}-1}{2} + \frac{3-\sqrt{5}}{2} = 0,618 + 0,382 = 1,000$$

Сонымен катар онан *радиан* – садақ-имек өлшемі бойынша:

$$1,91055 \approx 109^\circ 28'.$$

Текшениң – Қағбаның орталық бұрышы бұл. Бұл тамаша кездесуге кейін тағы Аллаһ жазса ораламыз.

Бұл арада осы санмен қабысатын басқа бірнеше мәселеге токтаймыз. Оның бірі:  $60 \times 60 + 247 = 3600 + 247 = 3600 + 247 = 3847$

Мұнда 60-шөңбер өлшемі; 247 – Маруа-Ажар анаға зам-зам хабары берілген тау. Бұл бір ғажайып сыр.

Тағы бір өлшем:  $2605+54\times 13=3847$ .

56-сүреден 75-76 аят саны (*жұлдызды аспан құрылышына серт еткен*).

54 – Ал-Қамар (Ай), 13-сүре – Нажагай.

$54^2=2916$ . Айтылған үшкіл сандарымен ( $\mathcal{J}=516$ ,  $\mathcal{K}=609$ ,  $T=159$ ) осы сандарды катыстырып үшкілдер жасалды (10-сурет).

Бұл үшкілдерден талай тамаша бұрыштар шығатынын қарап көріңіз. Бір мысал:  $47^{\circ}56' + 6^{\circ}4' = 54^{\circ}$ .

Ал-Қамар – Ай бұрышы, пешене – жұлдыз тек бұрышы  $54 \times 2=108$ ,  $108 \times 5=540$  (3-сурет).

Онда  $6^{\circ}4'$  – қыр маржанның сәулені екі айыратын нәзік бұрыш:  $47^{\circ}56'$  бас үшкіл бұрышы (6-сурет). Ойлап қараңыз!!

Осы санды және басқа мысалдарды окушы өзі түсіне жатар.

Осымен байланысты келесі мәселе:

## ҚАЙТАЛАУШЫ ЖЕТІ ӘЛІФ

Бұл атая біздің халқымыздың ғұрпынан, оның арғы тегі аспандық, Жеті Қарақшы мағынасында. Оның аспан сағатының тілі екені айтылды (1-сурет). Ол жеті Әліф – Алып – Так Темір Қазықты айналуда, батпайды. Сондықтан оны «*Жерге түспес жеті әліф*» дейді. «Қырық бір нокат» – құмалақ салғанда тоғыз орынға түскен құмалақ санының дақ саны жетеу болса, оны құмалақшылар Жерге түспес жеті әліф атап, аспан есебімен байланыстырады. Ол өз алдына. Біз бұл арада аспанның айналысындағы қайталаушы жеті хат көкті айтамыз (11-суреттің қараңызы).

Соған байланысты жеті нотаны айтамыз. Айтылған тоғыз орынды төр шаршыны да келтірдік, ғажап шаршы түрінде, әр бір бағытында үш сан жиыны тұрақты 15, яғни  $2+9+4=15$  тағы басқалары.

Мұндағы ең басты мәселе Әл-Фарабидың музықадағы жеті нота қатынастары мен жеті зат көктің байланысын көрсету.

Айтылған тоғыз орынды шаршыда Жерге түспес жеті әліф – жеті хат көк, соған сәйкес жеті нота белгілері көрсетілген

$$19 \dots 786 = 393 \times 2.$$

### ҚАЙТАЛАУШЫ ЖЕТІ ӘЛІФ

$$195 + 19 = \{ 2^{14} = 107 \times 2 = 393 \text{ жауап} \\ 195 + 19 = \{ 2^{14} = 88 \times 2 = (62 + 26) \times 2. \}$$


$$(195 + 114) \times 2 =$$

618.

$$618 + 382 = 1000.$$



5	6	7	13 + (1+85) + (22+5) -
3	8	9	+ (23 + 45) =
1	9	5	$13(1+2+6+2) = 13 \times 15.$
6	7	13	$= 195 -$ $\frac{130+85}{130+85} = 195 - 130 = 65$



$$11 + 22 + 33 = 66 = 11 \times 6.$$

$$45 + 56 + 15 = 116 = 29 \times 4.$$

$$116 \times 3 = 348 = \text{жарык} = \text{мұштақалы} \\ \text{--- (Шүғла)}.$$

№	ТАС	НОТА
1	АХЫТ	$9+9 \\ 40+5=45$
2	МАРЖАН	$5+5 \\ 50+6=56$
3	ЗУМРУД	$6+7 \\ 8+7=15$
4	ЖАДУНДАР	$6+2 \\ 9+4=13$
5	АЛМАС	$5+1 \\ 10+1=11$
6	МАКИТ	$3+6 \\ 20+2=22$
7	ЛАГЫЛ	$9+6 \\ 30+3=33$
		$13 \times 15 = 195$

### 11-сурет. Қайталаушы жеті әліф

(әріппен). Ол әріптердің сандық мәндері мандаидан мен он бүйірге орналасқан. Сонымен жеті ұяға екіден он төрт әріп койылған. Олардың бәрі он жактағы кестеде жинақталған. Ол кестеде жеті хат көктің асылтас аттары берілген. (Көк аттары сол жактағы жеті тармақ жүлдyz суретінде) және ноталар есебі берілген. Ол есептің жинақтары кестенің үстінде және астында көрсетілген. Ол есептердің тамаша қорытындылары бар. Жеті хат Көктің ортасында Күн екені белгілі. Ол төртінші орында. Қалғандары астында үшеу, үстінде үшеу, жиыны алтау (Алты алаш).

Күн нотасының жиыны:  $4+9=13$ . Үстінгі шаршыда ол мандаидан. Бір тамашасы сол оның екі жағындағы сандар жиыны

осы мандай санға дәл еселес келеді:  $11+15=26=13\times 2$ ;  $22+56=-78=13\times 6=33+45$ .

Демек Күн айналысында мандай сан еселігі екі (2) және алты (6), яғни егіз-сегіз қағидасы:  $2+6=8$ . Күн сегіз сәулелі белгімен алынған. Ол «сегіз аяқты жирен айғыр». Ертөстік аңызында. Сонымен ноталар жиыны:  $15\times 13=195$ . Құранда 13-нажағай, 15-Тас сүрелері. 195 مِنْهُ (Khifc=20+5+10+70+90=195). Бұл 19-сүренің мұқаттағаты. Сонымен қатар 50-сүре, ( $K=\mathfrak{F}$ -сүре) жиыны:  $50+100+45=195$ . Ол өзі ерекше мағыналы әріп белгі...

Осы санға бас бата санын қосамыз, болады:

$$195 \pm 19 = \begin{cases} 214 = 107 \times 2 - (\text{Жауқар}) \\ 176 = 88 \times 2 = (62 + 26)2 \end{cases}$$

Тұран қақпа саны.

Онан шығады:  $2(195+114)=618$ ;  $618+382=1000$  (әліф) немесе  $65+(50+80)=65+130=195$ .

Мұнда 65 – Асад (Арыстан бап).

80-сынап, 50-қалайы,  $80+50=130$  алам – пайғамбар сәлемі. Яғни айтылған қақпаның босаға, мандайша бұрыштар металы, 2-80, 6-50. Сол егіз-сегіз. Жеті тармақ суреттен қараңыз. Олар бір сызық бойында жатыр. Тәулік аттары бойынша алсақ ол сәрсенбі (2 аспан – Айқызы), бейсенбі (6-аспан – Шонай). Осы бойынша тәулік аттарының көктепері: 1) Ай – дүйсенбі, 2) Айқызы – сәрсенбі, 3) Шолпан – Жұма, 4) Күн – жексенбі, 5) Арай – сейсенбі, 6) Шоңай – бейсенбі, 7) Санжар –сенбі. Жеті тармақ суретте жеті көктің металдар саны берілген: 1 – Ай - Күміс=47, Айқызы – сынап – 80, 3 – Шолпан – мыс – 29, 4 – Күн – алтын – 79, 5-Арай – темір – 26, 6-Шоңай – Қалайы – 50, 7-Санжар – қорғасын – 82.

Олардың жиыны ортасында 393. Оны екі еселесе бас бата саны шығады:  $393\times 2=786$  (11-суреттің үстін қараңыз).

11-суреттің сол жағында астында Күннің аргы және бергі жағындағы Көктердің ноталар санын топтадық: Ай+Айқызы+Шолпан:  $45+50+15=116=29\times 4$  негізі мыс (29). Бұл адамның үстінде كۈپىل=116 (74-сүре, 30 аят).

$116\times 3=348$  – шұғла.

Күннен арғылары:  $11+22+33=11(1+2+3)=6 \times 11=66$ . Осында келтірілген мәліметтердің қайсылары, әл-Фарабиден, қайсыларын біз жалғастырдық. Соған келейік.

Негізгі ірі бастаманың басы, әрине, әл-Фарабиден. Түсіну үшін айтылған тоғыз орынды шаршыны алайық. Оның негізгі сандық түрі:

4	9	2
3	5	7
8	1	6

Осында ортада тұрған бестік сан ежелден бес бұрыш бейінелес жұлдыздық сан болып есептелген. Оның айналасындағы басқа сегіз сан екіден парланып, төрт шекті – тетра хорда аталағы алынған. Нога есебіне ортадағы бестік санды алмаған, яғни Алаша ханды қоспаған. Ертедегі Пифагордан бастап батыс елі нота есебін  $3/2$ ,  $4/3$ ,  $9/8$  тұрлерінде және солардың туынды сандардың тұрлерінде алып келген. Музықада бестік сан қолдануға, бес бұрыш сурет салуға тыым салынған. Оны тек Абыздар ғана тұмар ретінде қолданған. Әл-Фараби ғұрыптың бәрін бұзып, бес бұрыш салуды таратқан (3-сурет), музықаға бестік сан қатыстырған. Сонымен оның ноталық қатынастары былай болып шыққан:  $\phi = 1:1$ ,  $\omega = 9/8$ ,  $J = 5/4$ ,  $b = 4/3$ ,  $I = 3/2$ ,  $\psi = 5/3$ ,  $\zeta = 15/8$ . Қазіргі нотада ол  $do = 1:1$ ,  $re = 9/8$ ,  $mi = 5/4$ ,  $fa = 4/3$ ,  $sоль = 3/2$ ,  $ля = 5/3$ ,  $си = 15/8$ .

Әл-Фараби  $5/4$  – Шолпан нотасын негізге алды. Оның күні жұма... Таң Шолпаны - пайғамбар жұлдызы. Оның үйі – Мизан – Таразы – Хақ саны Қосай:  $54 \times 2 = 108$ .

Мұның бәрі батыс елдеріне ұнаған жоқ. Бірақ шындық женді. Басқа көп мәліметтерді біз жаңадан қостық. Ол жаңалықтың өзі екі түрлі. Біреулері әл-Фараби еңбегінде тікелей болмағанмен, ертеден келе жатқан мәліметтерді бейімдеп пайдалану. Ол ноталарды қөктермен салыстырудығы асыл тастар секілді. Екіншілөрі шын жаңалық, мысалы сол қөктердің металдарын есептей. Ол қазіргі гылымнан алынған мәлімет.

Әл-Фараби домбырасы жонінде. Ол кісі музыкалық аспап-

тармен көп шүғылданған. Солардың ішінде шекті аспаптарды көп қолданған. Осы кісі төрт шекті ескі лютняға (ғұдқа) бір шек қосып, бес шекті жасаған. Соның бейнесін біз 12-суретте бердік. Ол кісінің қосқан бесінші шегі Ал-Хадд (хадд).

Мағжан ақынның:

*Тұранның кім кеміткен музыкасын,  
Фараби тоғызы шекті домбырасын, –*

деген осыған келеді. Өйткені бұрын төрт шекті – *тетрахирда* болғанда, оның қоспақ – қайталау түрі болған екі төрт – сегіз (октава)...

Соған әл-Фараби шегін қосқанда тоғызы шекті болады. Әл-Фараби домбырасында шектердің, олардың пернелерінің – бөлімдерінің аттарын көлтірдік, нота белгілерін қойдық.

Сонымен қатар әл-Фараби нотасында қай шек, қай перне, қай саусаққа арналғаны да есте болсын.


Төменгі – дауыс *бам*, жоғары дауыс – *зир* – орта дауыс – *усти*. Ол орган қолдікі (*сабғ* – усти).

*Сабғ бинсир* – атыжоқ (атжоқ) саусақ. *Саббаба* – сұққол. *Мұтлак* – бос шек – тиек. Сонымен үшке бөлінген: 8/9, 3/4, 4/5. *бам-бас-бірлік*, маслас-ұштік, масна – екілік.

Әл-Фарабидың асқан музыканың екені мәлім. Бұл арада біз тек оның музыкалық өнерінің жалпы ғалами-ғылыми тұрғыдан қарағандағы алатын орнын аңғарту үшін көлтіріп отырмыз.

Әл-Фарабидағы жалпы табиғат ғылымдары мен өнердің мықтап бас қосқан жерінің бірі осы музыка. Сонымен байланысты толып жатқан мәселені қозғауға болады. Бұл мәселе рухани – діни мәселелерге жалғасады. Оның бәрінің қорытындысы ғалымдық ғана емес, хакимдік мәселеге соғады, *философияга* жалғасады. Сондықтан ол кісіні көп жерлерде тек музыканың философ деп те кетеді. Бірақ бұларға дейінгі және бұлардың арасындағы оның мықты еңбектерін, тіректерін жақсы білу керек.

Қысқа сөзben айтқанда әл-Фарабиды мұсылман хакімі деп тану керек. Ол мәселе *ақырзаман пайғамбарының* істеріне соғады.



12- сурет. Эл-Фараби домбырасы

### ҰЛЫҒАТТАН МАҒЛУМАТ

Әл-Фараби өзінің жоғарғы табигат жөніндегі еңбегінде ғаламның қалай жаралғанынан бастап, өзінің заманына дейін ғылымға шолу жасайды. Қөлемі кіші болса да бұл еңбектің мазмұны өте терең жатыр. Бір ауыз артық сөз жоқ, нағыз дәлді физика-математика сынды тұжырымдық түрде тығыз жазылған космология немесе ғылыми лұғат.

Сөзімізді ол кісінің еңбегін пайғамбарымызға Жабыр ибн Фабдолланың берген сұрағынан бастайық. Раббымның сақабасы – досы Жабыр бір күні ол кісіден сұраса керек. Я, Расул Аллаһ, Тәңірінің ең бірінші жаратқаны не нәрсе болған деп. Сонда

пайғамбарым жауап береді: ей, *Жабыр*, *Аллаңтың ең бірінші жаратқан сенің пайғамбарыңың Нұры* – деп .

Сол хадистан кейін ол кісі *Нұрмұхаммад* аталған.

Солбастапқы Нұр алғашқы пайғамбар Адам атаға тұрақтады. Сол Адам атаға Тәңірім заттардың есімдерін үйретті. Ұлығ аттар (атаулар) біздер үшін сонан басталған деп білеміз. Онан кейін адамға құрметті аттар, *исми ағзам дұғасы мағлұм* болды. Уахилар мағлұм болды. Құран Кәрім келді, пайғамбардың хадистері мағлұм болды.

Ұлығ аттар мағлұматы осында деп білеміз.

Әр миллаттың тілінде өздеріне арналған сөздігі бар. Айтылған ұлығ аттар бертінде соған ауысты. Оның бәрінен талдау жасау қыын. Біз тек өз халқымыздың ұлығ аттарынан қажетті мағлұматтарға тоқтамақпыш. Соның ішінде алдымен өзімізден шыққан даналардың мирастарындағы ұлығ аттардың мазмұндарын, қазіргі ғылыммен байланыстыларын қарастырмақпыш.

Түркі тілдердің сөздігі жинағын Махмуд Қашқари: «Диуан луғат Ал-Түрік» атаған: *كُرْشَة تَفَاظُ نَوِيد* (نَوِيد), яғни «Түркі тілдің сөздер жинағы».

Осындағы арабша сөз *تَفَاظٌ* - көпше түрі - сөз тіл мағынасында. Сонымен қатар араб тілін көбісі Лисан (نَسَيْب) атайды. Калам, Қаулы деген де бар.

Біздің ойымызша, *Лұғат* деген сөздің арғы тегі ұлығ түсінік деп одан шыққан, ортақ түсінік деп білеміз. Ол ғана емес, тіпті грекше *λογος* – logjs – сөздің өзі сол *лұғат* – *лұғамен* байланысты деп білеміз.

Сөздің басы ұлығ ат болғанда, оның дауысты бас әрпі ертедегі қатты айтылмайды. Негізі бас буын ил-лы-ла-ло болған. Сонан *лисан-лұғат-ланыз-логос* бәрі тараған деп білеміз. Онан кейінгі әріп бұрын  $\dot{\chi} = \dot{\chi}$ , үстіне нокат қойылған  $\dot{\chi} = \dot{\chi}$ . Ол араб алфавитына кейін кірген, ең акырғы *алыф-аліф* сан – мың *فَلَان*. Осындағы «л» сонан деп білеміз. Онан – *лағіз* (сөз-лейіз). Тегінде Алып-Алиф-ұлуғ деген сөздер мағыналас, аспандық мағынада болу керек. Біздің халқымыздың «Алыптар ертегісі» сол мағынада. Ұлу жылы – ұлы жыл сол мағынада, өйткені ол Асадтың – Арыстанның мүшел жылы. Онан Арыстан бап

- Тұран қақпасы. Арабша – көсемше буын (артикл) «ал» сол «лы» онан алғашқы мұқаттағат А+Л+М

Олардың сандық мәні: A=1, L=30, M=40, жиыны 71. Онда 1 - Ай бірінші аспан, 30 оның айалдамалары «Оттарда отыз бап». Онан кейінгі M=40 пайғамбар саны. Ноқатсыз  $\Sigma = \Sigma$  сандық мәні:  $30+40=70$ . Яғни «Лам» (аты) оның ноқатты сыңары болса аліф – мың. Екеуін қосамыз:  $1000+70=1070$  – маслас – Ыңдыс есімі. Міне бір ұлығат осы. Онан шығады ғалами бес тек Жауһар:  $1070=214\times 5$ . Ұлығ аттардың басқы бес тегі осы. Оның бейнесін жоғарыда көрдік (6-10 - суреттер).

Алып сан мың өрнектерін еске алайық:

$$786+214=1000=(393+107)2$$

$$618+382=1000$$

786 – бас бата, 214 – Жауһар, 618 – Ал-рахман+ ал-рахим, 382 – Ал-Құран (әулие сан).

393 – жеті металл жеті хат көк, 107 – қыз (жібек), 2 – егіз (Жауза – Барс).

«Саған қайталама жетінің және ұлы Құранды бердік», деген аят мағынасының бір тамаша көрінісі осында түр емес пе?! (15-сүре, 87 аят) (10-11 – суреттерді қараңыз). Ол Ал-Қамар (Ай) сүре санатына байланысты  $54^2=21916$ . Ол Ислам туы, пайғамбарым көгі. Мыңға бір орталық - өркеш қосамыз:  $1000+1=1001$ .

«Мың бір тұн» Әліф лайли уа лайм» ол Жер саны, ол Құн, Ай саны: арз=1001 = فَحْرًا ,  $91\times 11=1001$  (9-Ал-Шамси – Құн, 11 – Ай).

Тегінде «Л» әрпі осы тұн түсінігіне де байланысты деп білу керек. 97-суреде айтылған Ой мың бір тұн мағынасы. 92-сүре Ал-Лайл – Тұн. Ол болады айтылған сан: Лил= $30+10+3-0=30+40=70$ . 92 – Мұхаммад саны, Қағба саны. Ол ғаламның бас Нұры, ақырғы пайғамбary. Грекше логоспен байланысты логистос, логика деген сөздер бар. Оның біріншісі санau, есептеу мағынасында. Екіншісі ойлау ілімі мағынасында. Осы түсініктердің өзі пайғамбар Нұрынан деуге болады: Мухарақ=Шұғла=Нұрмухаммад саны:

=40+8+200+100=348=29x12. Мұнда 12-мүшел саны, 29-мыс - Шолпан металы. Ол пайғамбардың таң Шолпаны, оның орны үйі – Мизан – (Таразы) =108 – Хақ саны.

Мыс металы ішкі үш көктің негізі:

1. Ай-Күміс, яғни Қу (ак) мыс,
2. Айқызы – сынақ, сұық (су) мыс.

Ол өзі мыңмен аяқталған барлық АБЖД әріп санына байланысты: Ол сегіз сез - сегіз аяқ (егіз сегіз) болады:

$$10+18+27+140+300+1000-1800+2700=5995.$$

Ол болады: 5995=5800+195=29x200+195.

195 – жеті хат мақамы (11-сүретті қара).

Ең алғашқы Хир тауында келген уахидан басталық:

- 1) *Оқы! Жаратқан Раббыңың есімімен (Бас бата).*
- 2) *Адамды ұйысқан қаннан жаратты.*
- 3) *Оқы! Ол Раббың аса ардақты.*
- 4) *Үйретті ол қаламга.*
- 5) *Үйретті ол адамның білмегенін.*

(96-сүре, 1-5 аяттар).

(١) قَلْعَنْ مَنْ سَلَا قَلْفَ (١) قَلْفَى دَلَّا كَبِيرٌ مِيشَابَرَةٌ أَ

(ع) مُلْقَابٌ مَلْعَى دَلَّا (م) مَرْكَ لَا كَبِيرٌ أَرْقَأَ

(٤) مَلْعِنَتٌ مَلَامٌ فَسَدٌ لَا مَلْغُ

Алғашқы үш сез саны болады:

$$302+103+222=627=57x11=209x3=19x33=19x3x11.$$

Олардан:

151x2=302 – Өркеш – Бақара

103x6=618 – ал-рахман ал-рахим.

222=111x2=37x6 – Инсаф – ғадалат.

Ойлап караңыз!....

Онан әрі қарай адам өзінен бастап табиғат тану керек. Жаратушы Тәңірінің зор ардақты екенін танып, ол адамды қаламға үйретті. Ол адамның білмегенін білдірді. Иман да, табиғат та, ғылым да, тарих та, ғалам да бәрі осында.

Ендігі біздің козғамақ болып отырған мәселеміз бұл күнде саудаға түсіп, халықты шатастырып жүрген логика – мантық ілімі. Әл-Фарабидың «ғылым Ал-мантық» мирасы жөнінде.

قطنطا لناس رلا

Бұл мәселе ертедегі гректерден қалған миасты әл-Фараби аударып, дамытып, талдаپ, сонымен байланысты өзі зор миас қалдырған. Оның барлық миастарына бұл мәселенің катысы бар, ейткені ғылым да, өнер де, өмір де, дін де пікірлесусіз, ойласузыз болмақ емес...

Пікірлесудің жолдары, арналары, негіздері, әдістері өте көп, соның салдарынан философияда, оның бір саласы логикада толып жатқан таластар, тартыстар көп. Соңан шатаспай тұра шығудың жолын ғалымдар ежелден ізденуде. Бұл арада біз соңдай шатасудан аулақ болу үшін ең сенімді ғұлама хакімдердің ізімен баруымыз керек.

Абайдың айтқанын еске алайық: «*Адаспай тұра іздеғен хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді*. Бұл хакімдерден мұрад – мұсылман хакімдері». (38-сөз). Сол Абай іздеғен Хакім әл-Фарабидың біздер бұл күнде, Аллаға шүкір, мұрагері болып отырмыз. Ол кісінің осы саладағы көп еңбектері 1970-1975 жылдары, 1100 жылдық мерейтойы қарсанында Алматыда басылып шықты. Біз солардан пайдаланамыз және солардағы көтерілген мәселелердің қазіргі ғылымда қалай қойылып отырғанын қараймыз. Сонымен қатар қорытындыда өз пікіріміз айтылады. Соның берінде біз аят – хадиста айтылған ұлығ атауларды неғізге аламыз.

## ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ҚИАС

س ايقلال مطلقاً لوسا ملعا  
(ديجنه نبادمها) س انلا ل کا ملحتلاو

*Ағым асыл ал-ғылым фи ал-Қиас.*

*Уа ла таглами ли күлли ал-нас.*

*(Ахмад Ибн Мажсід)*

Әл-Фарабидың философиялық еңбектерінің ішіндегі ең сенімді кілті қиас (س ايقلال مطلقاً لوسا ملعا) түсінігі. Оны біздің аудармашылар – силлиогизм, ұқастық деп аударған. Арабша жалпы мағынасы

оның өлшеу, салыстыру, өлшеуіш – симметрия мағынасында. Басқаша айтқанда ол ғылымның негізгі жолы деген сөзге келеді. Осымен байланысты сөз басында Ахмад Мажидұлының бір ауыз өлеңін келтірдік. Ол өзі арабша әдемі шумак. Қазақша мазмұны мынаған келеді:

*“Ғылымның асылын тап Қиаспенен.  
Бірақ оны күтте сен көрінгеннен”.*

Ахмад - араб елінің атақты теңізші, саяхатшы ғалымы. Өзі ақын, ірі талантты адам болған. Ол Португалияның атақты теңізшісі Васко да Гаманы Индияға бастап алып барған. Еуропа еліне оның «Теңізшілік» еңбекі (екі том) үлгі болып саналған (XV-ғасыр).

Әл-Фараби еңбектеріне келейік.

Екі затты, ұқсастығы арқылы салыстыру әдісін де бірінің шындығы екіншімен салыстыру арқылы ашылатын болса, ол ұқсастық пікір аталады. Мысалы: «қаланған қабырға қолдан жасалғаны немесе жасалған себебі белгілі болса. Аспан да сол секілді деп жоримыз, өйткені ол да денелі зат *жарым* – *жасым*.

Бұдан қабырғаның жасаушысы бар, аспанның жаратушысы бар деген пікір туады. Оның аты дәлді бақылаудан шындыққа келу жолы..» (Аль-Фараби. Логические трактаты, 1975, 299-300 стр.)

Әл-Фарабидың бір ғана осы мысалында терең мағлұмат жа-  
тыр.

Осы салыстыру Құранда бар (61 және 67 сүрелерде):

Қатар ﴿ن = 113 – бундан (61, 4 аят)

Дуардай ﴿ابل = 113 – табақа (67, 3 аят).

Ұлығ есімдерден құрастырылған Абай санын осыған салыстырып қаралық:  $113 \times 6 = 678$ .

Оған айтылған хақ санын қосқанда Бас бата саны шығады:  $678 + 108 = 786$ . Ойлап қарарсыз.

Бұл арада әл-Фарабидың *мантық* (логика) негізіне кіргізген зор жаңалығын айту керек.

Әл-Фарабидың қиас *мантқ* жаңалығы логикага кіргізген жаңалығын зерттеген шет ел ғалымдары импликация деп атауда. Оның мағынасы құрылыштық ішкі байланысы бар логика деген

сөз. Әл-Фараби бойынша ол қиас өлшемді салиқатты, ұжданды, батыл негіздік болмысты мантқ. Адамның жан-сезіміндегі құрылыстық негіздегі заты мантқ. Бұл да, ғаламның заттық негізі Құранда мықты айтылған. Мысалы, Америка ғалымы Николас Решер 1963 жылы жарияланған еңбегінде соған жол ашады. Соңан кейінгілер ол мәселені онан әрі жалғастырды.

Николас Решер Американың Пенсильван университетінің профессоры. Ол кісі әл-Фарабидың негізгіеңбектеріне түсіндірме сөздік жазған. Оны мен пайдаландым. Сол университеттің профессоры Х. Карри «Математикалық логиканың негіздесуі» атты үлкен монография жазды. Ол кітап 1961 жылы орысша аударылды. Москвада «Мир» баспасынан шықты. Ол кісінің еңбегінде логиканың тек ойжота саласында жалаң сөздік таласы пайдастыз екені синалған. Дәл осы пікір әл-Фараби еңбегінде бар. Ой-жота мен тек сөздік талас-бакыс үшін қолданылған логика өте зиянды деген әл-Фараби. Ол кісінің мутакаллимдерді сынауы осы жағынан. Абайдың да «Мутакаллим мантику бекер босқа сөздер» дегені соған келеді.

Сонымен біздің заманымызда мантқ ғылымының – логиканың шындықта, дәлді ғылымға сүйенген негізгі, баскы – ұлығатты (лұғатты) негізін қайта жаңғыруда. Кешегі өткен атеистер билеген кезде логиканың сынар езу, бақыстық зиянды саласы зор етек алды. Сонымен байланысты әл-Фараби логикасының аудармасында, түсіндірмесінде көптеген кемшіліктер бар. Оларды мұнан былай қайта карау қажет.

Ежелден белгілі қағиданы еске алайық. Бір мәселені дәлелдеуге, бір пікірді хабарлауда бірнеше әдістер бар екені белгілі. Айтайық сөздік, ереже әдісі, тіл құрылыш әдісі, ақындық әдісі, шешендік әдісі, тарихи әдіс, санақтық әдіс тағы басқалары. Солардың ішінде ең мықты сенімді дәлелдісі геометриялық – һандиса әдісі, бейнесі салыстырма, құрылыштық өлшем – Қиас әдісі. Ахмад ибн Мажид өлеңі осы мағынада. Әл-Фараби қиасты осы мағынада танылған, қолданған. Оның жоғарыда көлтірген мысалы соны көрсетеді.

Ғылымдардың негізін салушы белгілі ІІұрыйс пайғамбардың бір ныспысы - аты «Маслас» - «Үшкіл» екені осыған соғады. Өйткені ол үшкіл геометрияның атомы деп білген.

Сол Мысырлық геометрияны оқыған, сонда болып тағым алған Пифагордың негізгі жолы осында. Сол жолға түскен Платон өзінің Афинадағы ұйымын – медресесін – академиясын ашқанда, оның қақпасына жазған: «Геометрияны білмегендер мұнда кірмесін» - деп. Академ – ерте замандағы данышпан болса керек. Оның зиаратының айналасында ағаш өскен, бақша болған. План дәрістері сонда басталған.

Әл-Фараби Платонды (Аплатонды) құрметтеуі Аристотельден кем емес, бәлки жоғары. Арабтар әл-Фарабиды екінші Платон атайды. Тегінде ислам елдері соны қолдайды деп білеміз. Біздің қазақ зияллылары «Ақылы Аплатондай» деп келеді (Ахмет Байтұрсынов пен Мыржақып Дулатов арасындағы хаттан).

Платонның молекула теориясын еске алайық. Ыдрыс заманынан бері геометрияның атомы үшкіл дедік. Оның негізін 6-11-суреттерден анғараарсыз. Сол негіз бойынша Платон жазады: «*Оttектің бір бөлшегіне ауа (жел) тектің екі бөлшегін қосса, ол болады тең сутектің бір бөлшегіне*». Осы айтылған алғашқы үш тектің үшеуі де де үшкіл жақты. Сол үшкілдер саны болады: оттек – 4, жел тек – 8, сутек – 20. Платон бойынша шығады:  $4+8\times2=4+16=20$ . Ол өзі қазіргі су молекуласына ұқсас:  $\text{H}_2\text{O}$ .

Бұл арада Платон тектер тегінен шындыққа қадам басып отыр. Осы тұрғыдан қарағанда, барлық ғылымға геометрияны арқау еткен әл-Фараби, әрине, Платонға жақын. Дүние жимай, ғылымға берілу, шындық іздеу жағынан да осы жақындық байқалады. Адам қофамының өмірі жайында да сол ұқсастық бір. Мысалы әл-Фарабидың «Қайырлы қала тұрғындары» жөніндегі еңбегінде Платонның мемлекет құрылышы жөніндегі пікірлері кездеседі. Платон мен Аристотель арасының қарым-қатынасы жайында әл-Фарабидың арнаулы еңбегі бар. Оны талдап оқып түсінген адамға бұл екі ғалым біріне-бірі ешбір қайшы – қарсы емес. Олардың әрқайсысы шындықты өз жолдарымен іздеген және ол жолдар қайшы емес, бірін-бірі толықтырған.

Мысалы Платон тектердің геометриялық бейнесін сөз етсе, Аристотель сол тектердің адамға әсер ететін көрінісін сөз етеді. Мысалы ол оттек төрт үшкіл жақты деудің орнына ыстық қасиетті тек дейтін секілді. Екеуінің әдісін қиас тұрғысынан

алғанда Платондікі құрылыштық қиас, Аристотельдікі сөздік қиас.

Әл-Фараби екеуін екі қолына ұстаған ғұлама деуге болады. Сонымен қатар ол құрылыштық қиасқа басты орын береді, ейткені пікірдің шындығын дәлелдеуде құрылыштық қиас ең дәлді – сенімді жол. Сондыктан, жазады әл-Фараби: «геометрия – дәлді – дәлелді ғылым, ол табигаттануда ғана емес, философтарға да қажсет».

Әл-Фарабидың: «*Философ болу үшін алдымен не білу керек*» деген бас макаласын біз бірінші рет қазақ тіліне аударып, баспадан шығарғанбыз (1962, «Білім және еңбек», №1). Сонда мына пәндер аталады: 1) тіл ғылымы, 2) арифметика, 3) геометрия, 4) астрономия, 5) музика.

Сол еңбегінде ол Платонды бірінші орынға қояды. (Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алматы, 1970). Сонда оның ғылымдарды санаттарға бөлу, топтастыру еңбегі бар. Солардан да табигаттану мен оның геометриялық негізі басым екені көрініп тұр.

Қазіргі ғылыми беталыспен алғанда табигат дүниесін зерттеудің негізгі ғылыми әдісі геометрияда, ойлаудың сенімді ғылыми әдісі математикалық логикада. Бұл екеуінде де, эрине тілдің алатын орны ерекше. Онсыз ғылым жоқ. Демек сөздік логика өзінің ежелгі орнын, негізін сақтайды. Бірақ оның негізгі дәлелді өзегі құрылыштық қиаста болу керек. Ол болмаған жерде бос бақыс – ойжота танытар өзімшіл, сөзуарлар оны оңай олжаға айналдырады.

Оның дәлелі, атеистер Аристотель пікірлерін оңай олжаға айналдырыды. Аристотельдің философияны табиғаттан кейін орналастырғанын олар басқаша жорып, жоққа шығарып, метафизиканы бір құбызыққа айналдырыды. Сонымен олар Аристотельдің сөздік логикасын өздерінің ойына оңай бейімдеп алды.

Платонды олардың оңай бейімдеп алуға күштері жеткен жоқ. Оны идеалист деген бір құбызық сөз арқылы үнін өшірмек болды. Ол сөздің өзі тегінде *Аспан мен Жердің құрылыштық үқсас мисалы* деген мағынадан шыққан түсінік, ғылыми қиас түсінігі. Оны кейінгі тақырыпта қараймыз.

Ендігі Жердегі мақсат әл-Фарабиды Аристотельден ажыратып алу. Екінші оны мұсылман хакімі ретінде тану. Ол өзі ашық жазып отыр ғой. Ғылымның, философияның негізгі мақсаты ғаламның иесін жаратқан, жарылқаған жалғыз Раббыны тану деп (11 бет).

Осы айтылған жалпы түсініктерден кейін қорытынды мағлұматтарға көшеміз.

## МАНДАЙ ШҰҒЛА

**Күннен кейінгі, сыртқы бесінші – көктің аты арабша Марих (مرحى), латынша – Mars, грекше – Ареј (Ares), қазақша Арай атадық. Оның себебі ертедегі Тұран халықтарының тілінде оны *Аңрақай* атаған. Оның мағынасы Аң орақ - Ай, яғни Күннен арғы Ай деген мағынада болған. Оны қысқартып Арғы+Ай немесе Арай атаған көрінеді. Оның өзі грекше атына өте жақын Ареј-Арай. Бұл айдың латынша – арабша Mars – Мария аталуында тағы мағына бар. Алпыс жылдық мүшел есебінде Ай мен Арай (Mars) екеуі бір орынға алынған. Сол есеп жеті хат көктің жеті ноталық мақамында сақталған (А+Й=Ай нотасы – Арай нотасы, 3/2, 11-сурет). Оның тегі темір (хадид=26). Мүшелдік орыны жыл басы – 1-Тышқан (Хамал). Күн мен түннің теңелген тоғыс айы наурыз – март айы. Оның Mars айы осымен байланысты оны Менді, белгілі Мандай ай атаған. Жаңа жыл басында адамның бақыты ашылады, мандайына менді ай мөрі – темірден басылады... Ол біздің *Ат байлаган Абақ* аңызына жалғасады. Грекше атының аңызына келсек, ол Троян жағының батыры, яғни Азиялық тектен келген қолбасшы. Ол Темір текті Тұран қақпасының қорғаншысы. Ол орталық тірек Темір Қазық, яғни ол бас шұғланың тоқтаған орыны – Қағба – текше – темір – Жер саны.**

Осылардың бәрін еске ала келіп біз әл-Фараби еңбегіне арқау болған шұғла түсінігін *Маңдай Шұғла* атадық. Енді сол түсінікке байланысты Ұлығ атты заттардан кейбір керекті мағлұмат келтірмекпіз.

Арай – мәндай жөніндегі аңызға тоқтап отырған бір себебі-міз атеистер құбыжық етіп, идеалист деп жүргендері сол Аре-ямен – Араймен, Менді Аймен, Айdospen байланысты. Басқа сөзбен айтқанда ол Күннің екі жағындағы қос Арыс Айдостың қатынасын, ұқастығын көрсететін аңыз еді. Мысалы сол аңызда Арей мен (Араймен) Шолпанның арасындағы достық-махабbat болған дегенді айтады. Аңыздың мазмұнында Жер мен Қектің байланысы – ұқастығы сөз болған, яғни ол әл-Фараби мыса-лына дәл келеді. Сонымен қатар ол Тұран аңыздарымен байла-нысты екені көрініп тұр. Арабша ұқастықты мысал **لشمشم** дейді. Ал Платон мысалдарын солай атайды (масул =**لوشمشم**).

Әл-Фарабидың Платонды Тәніршіл ғалым атауы да соған байланысты болса керек. Қазіргі ірі ғалымдардың пікірі бойын-ша басқы Нұрдан ғаламның шебер құрылышты тұрге келуі әуелде жасалған қалып арқылы болған деседі. Басқы берік қалыпсыз бос қоқыстан өз бетімен шебер құрылыш шықпаса керек. Ұлығ аттың ұлығ заттық мысалы сонан деп білу керек. Бұл ілім Үйдрыс – Пифагор – Ислам арқылы әл-Фарабиге жетіп отыр.

Біз де сол мысалдарға тоқталық. Осы айтылғандарға байла-нысты 13-сурет мәндай шүғла аталды.

Бұл арада айта кететін тағы бір мәселе бар. Ол сөздік мантқтың діншілер арасына тараулу түрі. Оның негізінде Құран сөзі Қалам түсінігі жатыр. Бұл мәселені әл-Фараби “*Faқылдың магынасы*” атты мақаласында келтірген. Қалам қағидасын зерттеуші, соны жақтаушы топтарды Мутакаллимдар атаған. Олардың ішінен шыққан ірі ғалымдар көп еңбек еткен, мирав-стар қалдырған. Құранда мұсылмандарға ғылым ұлken парыз екенін олар жақсы білген, еңбек еткен. Сонымен қатар түпкі мақсат қиаметтік өмір. Бұл дүние уақытша нәрсе деген қағидаға келгенде софылық ағымға жол ашылады. Ол заманда, табигат ғылымы жетілмеген кезде, мутакаллимдар да, софылар да үстемдік алған кездері болады.

Платон мен Аристотель арасын қабыстыруға тырысканы се-кілді, әл-Фараби бұл мәселеде де ғылым мен софылық арасын жақыннатуға жол ашты. Бірақ ол кісі жалан сөздерге карсы болды. Екі саланы теңгеріп ұсташа керек. Екеуінде де өлшеу керек, қиас керек.

Сол таластан туған, әл-Фараби ілімімен байланысты бір мәселені еске алайық. Әл-Фарабиден бір ғасыр шамасы кейін туған Абухамид Газали деген атақты иман, соғы-ғалым әл-Фараби еңбектерінің ішінен көп мәселеге қарсы болған. Оның философиялық еңбегіне “Қарсылық” атты кітап жазып таратқан. Соның әсерінен мұсылман елдерінде әл-Фарабидың көп еңбектері жабылып қалған. Біздің қолымыздағы Түркияда 1987 жылы шыққан “Фараби” атты кітаптың алғашқы бетте-

$$19 \dots - 786 = 168 + 618.$$

**МАҢДАЙ ШҮГЛА:**

$$1284 + 104 = 1388$$

$$54 + 36 = \{ 90 \quad 15 \cdot 24 = 360 \\ 18 \quad 37 \cdot 4 = 348 \quad 236 \times 3 \}$$

$$104 + 48 = 19 \times 8.$$

$$54 - 48 = 12 = 5^{\circ} 48'.$$

$$41^{\circ} 48' - 36^{\circ} = 5^{\circ} 48'$$

$$168 + 48 = \{ 216 = 54 \times 4 \\ 120 \}$$

$$5^{\circ} \times 60 + 48' = 348$$

$$1388 + 168 = 9556 \\ 920 = 610 \times 2$$

$$55^{\circ} 24' + 36^{\circ} = 35^{\circ} 18' \quad 348^{\circ} 36' \quad 54$$

$$55^{\circ} 24' + 36^{\circ} = 35^{\circ} 18' \quad 348^{\circ} 36' \quad 54$$

$$= 57^{\circ} = 19 \times 3.$$

$$8508' = \arcsin \frac{54}{57} =$$

$$348^{\circ} 36' + 26^{\circ} 34' = 120^{\circ} 10' \quad 36^{\circ} 24' \quad 36^{\circ} 24'$$

$$29.6 = \frac{54}{57} =$$

$$61^{\circ} 0' + 51^{\circ} 30' =$$

$$113 = 90 + 23$$

$$36 - 54^2 = 2916$$

$$\sin \theta = \frac{2}{3}$$

$$113 \times 60 = 6780 \quad (\text{ABA})$$

$$41^{\circ} 48' + 34^{\circ} 36' = 76^{\circ} 24' \quad \begin{array}{l} \text{ستون عاشر} \\ \text{الحادي عشر} \end{array}$$

$$76^{\circ} 24' - 55^{\circ} 24' = 21^{\circ} \quad 15, 33 \quad 6 + 6 + 1 = 13.$$

$$48^{\circ} 12' + 25^{\circ} 48' = 74^{\circ} = 440^{\circ}$$

$$74 + 57 = \{ 131 \quad 151 + 17 = 168 =$$

$$41^{\circ} 48' = 250.8 \quad 74 \times 24$$

$$x 916 + 250.8 = \{ 5424 = 226 \times 24 \\ 408 = 17 \times 14 \}$$

$$5424 = 113 \times 48$$

$$98 \times 7 = 336 = 56 \times 6$$

$$675 \times 8 = 5424.$$

$$168 + 618 = 786; \quad dS = \frac{1}{2} r v \sin(\alpha, \beta)$$

$$168 + 48 = \{ 216 = 54 \times 4 \\ 120 = 60 \times 2 \}$$

13- сурет. Мандай шүгла

рінде осы мәселе айтылған. Соңан кейін әл-Фараби еңбектері Еуропа тілдерінде шыға бастағаны айтылған. Бұл арада біздің қосарымыз сол заманда Еуропа елінде арабша екінші халифат болған «Кордовада» (Испания). Соңда туып тәрбиеленген ғалым Ибн-Рушд (латынша айналдырған есімі Аверроэс, 1126-1198) Фазали еңбегін қатты сынап, әл-Фарабиды жақтап “Қарсыға қарсы” атты кітап жазып таратқан.

Тегінде Орта Азия мен Қазақстанда Имам Ғазали әсері күштірек болса керек. Біздердің әл-Фарабиды кеш танудың бір себебі осыда болу керек деп ойлаймыз.

Осы жөнінде өзім көзім көріп, құлағым естіген бір мысал келтірейін. Осыдан үстіміздегі ғасырдың алпысыншы жылдары тұған жерім Қарқаралыға барып, қарттарға сәлем бердім. Сол кездегі белгілі Имам Қари ақсақал біздің әкелерімізді жаксы білетін адам. Көзі ашық, арабша, қазақша, орысша жақсы сауатты адам. Сол кісінің үйіндегі кітаптары ішінде Имам Ғазалидың бірнеше том кітаптары тұр. Әл-Фарабиден ешнэрсе жоқ. Сөйлесіп отырғанда ол кісі әл-Фараби атын естігенін айтты. Әл-Ғазалидың атын ол кісі бала кезінде ауыл адамдарынан естігенін есіне түсірді.

Бір үйде көп адамдар жиналған бір мәжілісте сол кездегі басшы зиялы адамдар арасында жақында Бұхара медресесін оте үздік бітірген Құмісбек молда туралы сөз болса керек. Соңда Өскембай деген бір адам:

- Ол Құмісбектің білімі Имам-Ғазалиден қалай екен? – дегені. – Ол кезде мен, - дейді Имам Қара – бала едім, Ғазалидың кім екенін білмейтін едім.

Отырғандар ішінде Құнанбай мешітінің имамы, Алаш Орда партиясының мүшелері болатын. Олар тегінде Ғазалиды білу керек. Өскембай сөзінің қалжың екенін аңғартты.

- Кейінде осыны ойлағанда, Абайдың соғыларды сындауы түсінікті болып шығады. Абай өзінің “Аллаһ деген сөз жеңіл” атты өлеңінің аяғын былай бітіреді:

*Ақыл мен хауас барлығын  
Білмейдүр жүрек, сезедүр,  
Мұтакәллимін мантиқин  
Бекер басқа езедүр.*

Ғылыми дәлелді мықты негіз болмаған жерде бос ойжота сөзден ғадалатты жүрек сезімі артық. Ал ғылым болған жерде қайрат, ғақыл, жүрек үшеуі сол ғылымға жүгіну керек дейді-ау Абай (Абай саны сонан шығады).

Осы арада әл-Фараби ілімінің жалғасы Абайдан келіп шығатынын көреміз (арнаулы кітаптан қараңыз). Ол сан 13-суретте келтірілген. Ондағы үшкілдердің сзызықтары 54 - Ал-Қамар (Ай) сүре санаты. Оның басқа жақтары:  $1284+104=1388$ , бас үшкіл саны, хамды саны:  $(52 \times 2 = 104)$ . Жақ ( $J=516$ )+Қыр ( $K=609$ )+Төбе ( $T=159$ ). Жиыны:  $516+609+159=1284$ . Үшінші көлбеу сзызық= $\sqrt{4304}$ -халифалар саны. Осы бас үшкілге жалғасқан үшкілдер өлшемдері екі түрлі:  $1+2+\sqrt{5}$  және  $30+5-4+18\sqrt{5}$ .

Алғашқысы Нұх үшкілі, екіншісін пайғамбар үшкілі атай-тыз. Оның себебі сол сурет астындағы аяттан, оның ғылыми сандық мәнінен шығады.

Қоршау ішінде:  $36..... 54^2=2916$

Бұл сандар соның астындағы аяттың сандық мәні: 36 әріп саны, 2916 - олардың АБЖД саны. Ол аят, бұрында айтылған (15-сүре, 87 аят). Мағынасы: *Әлбетте, біз саған қайталаушы жетінің және ұлы “Құранды бердік”.*

$$(6)+(134)+(482)+(133)+(90)+(632)$$

*(Уа лакад атайнака сабги мин ал-Масани)*  
*(уа ал-Құран ал-ғазим).*

$$(6) + (382) + 1051.$$

Жиыны:

$$6+134+482+133+90+632++6+(382)+(1051)=2916=54^2.$$

Осы тамаша хикматты мұғжиза аяттың әріп саны шеңберлік болуында АБЖД саны Ал-Қамар Ай –сүресінің санат шаршысына тең болуында ғажап сыр жатыр.

Нұрга мекен болған айалдама аспан Айна-Жақ-Ай беті ( $J=2916$ ). Ол бізге тұрақты, бір ғана бетімен орналасқан.

*Қайталаамалы жетінің – жеті хат көктің басы осы ғой.* Ол өзі пайғамбар орынды. Оның металы күміс=47; ол пайғамбар сүресі (47-Мұхаммад, 38 аят). (Екі дүние саруары Нұрмухаммад). Оған ғаламның барлық сырын ішіне алған ұлы кітап (Құран) жіберілген. Ғаламның ұлығ аттарының бас мағлұматы сонда. Ол әулие саны  $382+618=1000=786+214$ .  $214=107 \times 2$ =Жауһар, 786 бас бата (19..... 786). 618 – ал-рахман+ал-рахим (екі дүние).

$214 \times 6 = 1284$  ғалами үшкіл саны. 1000 – ғайын (лугат).

Бұлардың бәрі Үйдрыс санына, әл-Фараби санына соғатынын көрдік. Солардың енді қазіргі ғылыми табыстарға өрнектестігін көреміз. Мысалы:

$$\ln F = K + H = 1,91055 - 1,38049 + 0,53006$$

F=әл-Фараби саны, K=Больцман тұрақтысы, H – Шенном саны.

Бұлар энтропия, информация негіздері.

Онан шығады Ұлы Кітап саны:  $1910=382 \times 5$ .

*5-пешене, бес тек, бес бейне, бес парыз, бес намаз.... бес саусақ...*

Әл-Фараби санына оралайық:

$$F = \frac{Z}{A - 2Z} = \frac{26}{55,847 - 52,0} = 6,758 = \frac{260000}{3847}$$

Мұндағы 3847 жоғарыда шықты (86-сүре, 11-12 аяттар) айналған аспанда, жарылған жерге серт (10-сурет). Онда зат=аталған. Ол әл-Фарабиде бар (болмыс тек). Ол зат саны екі есе болады:  $1101 \times 2 = 2202$ . Оған қосамыз Жауһар санын:  $2202 + 214 = 2416 = 302 \times 8 = 151 \times 16 = 302(2+6)$ . Өркеш сүре, өркеш мағлұмат.

Оған қосамыз пешене кітап санын -

$$2416 + 1910 = 4326 = 618 \times 7.$$

Қайталанғыш жеті Аллаһтың жарылқағаны...

Немесе мына турде берейік:

$$2202 + 618 = 2820 = 47 \times 60 = 94 \times 30$$

*Зам-зам, Отырарда отыз бап.*

Екі тамаша бұрышты салыстырамыз:

$$\frac{36}{36} = \cos 47^\circ 47'$$

$$\frac{\sqrt{1830}}{54} = \cos 37^\circ 37'$$

Айырмасы:  $47(1^\circ 1') - 37(1^\circ 1') = \frac{1^\circ 1' (47-37)}{3} = 90 \times 1^\circ 1' = 610' =$

Екінші жағынан:  $4914 = 4304 + 610$ .

$4914$  – періштерер саны немесе Ай мен Күн саны:  $91 \times 54 = 4914$ .

$1830$  – мүшел жыл саны (алпыс жылдық дәуір бойынша). Осы ғалами айналыс заңын қалай түсінуге болады?

Жүлдіздық сандар  $54 \pm 36 = \begin{cases} 90 \\ 18 \end{cases}$  арасындағы бұрыш

$$\frac{36}{54} = \frac{2}{3} = \sin 41^\circ 48' = \cos 48^\circ 12'$$
 осыны қоямыз, болады:

$$\frac{dS}{dt} = \frac{1}{2} \sin 41^\circ 48' = \frac{1}{2} \cdot \frac{2}{3} = \frac{1}{3}$$


Бұл эллипс сызығы бойынша Нөкерлерінің Күнді айналу жолының садақ өрнегі.

$S$  – жазық жақ ( $\mathcal{K}=S$ ),  $t$ - уақыт,  $r$ ,  $v$ ,  $\theta$  – рес, шапшандық өлшемдері. Олардың ғалами үшкіл мүшелерімен салыстырдық. Онымен байланысты текшениң орталық бұрышын шығаруға болады:

$$\frac{1}{3} = \sin 19^\circ 28'; 109^\circ 28' = 90^\circ + 19^\circ 28' \text{ яғни: } \frac{2}{3} + \frac{1}{3} = 1 = \sin 90^\circ$$

Тегінде ғаламның тартылыс қуат заңы осы ғалами үшкіл заңына байланысты болу керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда ғалами үшкілге жеттік. Келесі 14-суретті осы мағынада ойлап қаралық.

# Ақыр заман ПАЙГАМБАРЫ



## 14-сурет. Ақыр заман пайғамбары

Оны біз ақырзаман пайғамбary атадык. Ол сан 92-Мухаммад=Қабба және ақырғы зат Иран. Біз қазір сол ақырғы заманға, ақырғы заттың қуатын пайдалану заманына, атомдық заманға, ядролық, яғни өзек жару заманына жеттік.

Ғаламның тартылыс қуат сыры, әл-Фараби – Кеплер зандары сол үш арыс ғалами үшкіл қағидасынан шығады. Оны былай алуға болады:

- 1) Тотықты оттық (Т) – төбе – Ақарыс,
- 2) Имек қырат (К) – Қыр – Бекарыс
- 3) Шенбер жазық (Ж) – Жақ – Жанарыс

Оның санын көрдік:  $T=50$ ,  $K=90$ ,  $J=50$ .

Жиыны кәміл бас бата:  $50+90+50=190=19 \times 10=38 \times 5$ .

Олар  $38 - \frac{50}{\text{ж}} - \text{сүрек} = 90$

$$50 - \frac{\text{ж}}{38} - \text{сүрек} \approx \frac{100}{190}$$

$$50 \pm 38 = \begin{cases} 88 = 62 + 26 \\ 12 - \text{мүшег} \end{cases}$$

Тәнірінің тамаша хикматын еске алу үшін, ойда сақтау үшін, молайтып білу үшін осындай түсінікті, белгілі, көрнекі түрге келтірдік. Абайдың даналық сөзін еске тағы бір алайық:

*Өмір жсолы тар соқпақ, иілген жақ.*

*Иілтіп екі басын ұстаган хақ.*

*Имек жолда тианақ, тегістік жоқ,*

*Құлат кепте, тура шық, көзіңе бақ.*

Бөгетсіз, тосқауылсыз, әмір жоқ. Ол сын жолы, ғадалат еле-  
гі. Тәнірім адам санасын шындау үшін, шынықтыру үшін, бекі-  
ту үшін, дамыту үшін, гүлдендіріп жарылқау үшін әмір берген. Тура жол бойында әр кезде бөгет болмақ. Өзінің имек жолымен  
тура жүрмесе аспан шырактары да, жұлдыздар да тұра алмайды,  
атылады, ағады. Адам әмірі де, дін де сол жолда. Ақмолда  
акынның бір ауыз өлеңі еске түседі:

*Білуші ем мен де біраз сөз толгауын.*

*Дұшпанның шаласына жоқ қой дауың.*

*Біз түгіл пайғамбарлар өсектелген,*

*Тұсында әр Мұсаның бір Ферғауын.*

Үшкіл туралы аяттар бар, хадистар бар, ғылыми табыстар  
бар екені мәлім. Ол жөнінде айтылды да, жазылды да. Соларды  
тағы қысқаша еске ала кетелік.

Құрбан айты кезінде шалуға мал таба алмаған хажылар үш  
Күн ораза ұстасын. Онан кейін жеті Күн. Сонымен толық 10  
күн болады деген аят белгілі (2-сүре, 196 аят). Екі елшіге сенбе-  
ген жерде оларды қуаттандыру үшін үшіншісін жібердік деген.  
Зикрияға үш Күн сөйлемеу белгі болған (3-сүре, 41 аят). Ардақты  
ғұлама ғалым Ұідрыс пайғамбардың бір нысны аты Үшкіл (*Mas-*

лас) болған. Онда зор сыр жатыр. Біздің пайғамбарларымыздың *үш мешіт* арасының саяхатында тамаша сыр бар деген хадисы белгілі (ол мешіттер: Медине, Мекке, Құдыс қалаларында).

*Жеті қайтаруды* пайғамбарға берілгені айтылды. Жаксы келтіргендерге *он есе* сондай қайтарылады деген аят бар (б-сүре, 100 аят).

Осы үш санның бір тамаша мысалын аспан әлемінен табамыз және соның Үдрыс үшкілімен байланысты екенін көреміз.

Осы айтылғандарды толықтырып көрнекі түрде түсіну үшін, бірімен бірі байланысты суреттер келтіреміз (14+15+16+17).

Бірден бастап тоқсан екіге дейін қатар санаттағы сандар жиыны болады:  $\frac{92(1+92)}{2} = 4278$ .

Осы санды бас бата санына еселесек болады:  $4278 \times 19 = 81282$ .

Осы санды мына түрде жазуға болады:  $678 \times 119 + 600 = 8068 - 2 + 600 = 81282$ .

Мұндағы сандар белгілі: 678 – Абай саны, 119 – һандас (ара Қиас саны), 600-шеңбер саны. Бұл санды орталықты алты ұялы үлгіге түсірдік. Ол айтылған белгілі әдіс. Бұл санды *үш арыс* үшкілдің санымен салыстыруға болады. Онда жұбайлых скіні қосса болғаны. Ол *жұбай* – егіз-бикеш бейнесі еді ғой. Олай болғанда соған байланысты орталыққа 19-суренің жынын санын алуға да болады, яғни былай жазамыз:  $678 \times 119 + 602 = 81284 = 80000 + 1284$ . Осымен байланысты талай есептер шығады. Оны окушы өзі анғарар.

Мысалы, айтылған [92] санына темір (хадид) санын коссак халифалар саны шығады:  $4278 + 26 = 4304$ . Соған байланысты мына сандарды қараныз:  $92 \times 2 + 52 = 236$ ;  $4914 = 4278 + 53 \times 12$ . Мұнда  $4914 = 91 \times 54$  – Күн мен Ай саны, періштелер саны. 53 – Ал-Нужым (жұлдыз) сүресі, Ахмад саны. Бұлардан Үдрыстың бет тасы зумруд шығад:  $91 + 54 + 53 + 53 = 251$ .

15-суретті Құрыштар – Қыр+Ұштар дедік. Ондағы ойымыз қазақ тілінде қырлы, үшкір, үш қырлы деген заттар табиғи тас мәдениетіне келгенде кристалдар мағынасында деп білеміз. Жоғарыда басқы бес тек жөніндегі, олардың бейнерлері жөніндегі айтылғандарды (6-сурет) осы арада эрі қарай

19.....786

# Күршіштәр (Қыр+ұштар)

АТТАРЫ	Нұрылдау (a, b, c) тб	Бұрыштың (d, p, e) саны	БЕЙНЕ ТҮРЛІСІНІҢ САНЫ	ПЕРІ
1. УЦИКЛАМ	$a \neq b \neq c$	$d \neq p \neq e$	2	2
2. БІРТЕҢ	$a \neq b \neq c$	$d = p = e = 90^\circ$	3	13
3. ЕКІТЕҢ	$a \neq b \neq c$	$d = p = e = 90^\circ$	3	59
4. ТАРЫНЧА	$a = b \neq c$	$d = p = e = 90^\circ$	3	25
5. ЧАЙКУЛ	$a = b \neq c$	$d = p = e = 90^\circ$	5	68
6. АЛГИҚАЛЫ	$a = b \neq c$	$d = p = e = 90^\circ; s = 120^\circ$	7	27
7. ТЕКШЕ	$a = b = c$	$d = p = e = 90^\circ$	5	36

$$38 \times 6 + 2 = 230$$

32

230

Н. ТЕНДЕР			
1	0	0	0
2	0	1	1
3	0	2	2
4	1	2	3
5	1	3	9
6	1	1	9
7	2	2	4
8	3	3	15

1	5	6	7
4	9	8	7
8	9	7	6
3	5	2	1

$$230 \times 2 = 460$$

$$15 + 11 = 26$$

$$230 + 26 = 256$$

$$26 \times 3 = 78$$

$$14 + 5 = 19.$$

$$5 + 9 = 14$$

$$14 + 5 + 9 = 28$$

$$2(5 + 9 + 15) = 348$$

$$14 + 9 = 23$$

$$\text{Сурға}$$

15- сурет. Күршіштәр (Қыр-ұштар)

төнтастырмақтызы.

Көп қырлы кристалдық бейнелердің жалпы саны 230 екені айтылды. Енді солардың топтарға бөлінуін, олардың өлшемдерін көстеге келтірдік.

Қазіргі ғылымда барлық кристалдық заттар жеті түрлі ірі толқа бөлінеді. Оның грекше аты *сингония* (бірдей бұрышты) жүйелер аталады. Олардың әрқайсысы бірнеше бейнеде болады. Ол бейнелердің өздерінде бірнеше түрлер бар. Кестеде соларды көрсеттік. Олардың бірінен бірінің айырылу белгілері олардың үш бағыттағы (ұзыны=a; колденен=b, биігі=c) өлшемдерінде

және солардың арасындағы (қарсы беттеріндегі) бұрыштарда ( $\alpha$ ,  $\beta$ ,  $\gamma$ ). Осы алты өлшеу үшкіл өлшеу болып табылады. Ол өлшемдердің тең және тең емес белгілері койылған.

1. Еңалғашқы үшқисық (қигаш) топта айтылған өлшемдердің біреуі тең емес. Олар екі ғана түрлі (грекше *триклини*).

2. Онан кейінгі топта ондай тенденция біреу ғана, онда үш бейне, 13 түр бар (монахин).

3. Онан кейінгіде екі тенденция бар, үш бейне 59 түр (грекше *ромбалиқ*).

4. Онан кейінгі төрг күлде тенденция үшеу. Бейне 7, түр 25 (грекше *тетригон*).

5. Үшкіл топта тенденция екеу; Бейне 5, түр 68 (грекше *тригон*).

6. Алты қырлыда тенденция екеу (косымша біреу тағы бар); бейне 7, түр 27 (грекше *гексаэдр*).

7. Текшеде тенденция төртеу ( $2+2=4$ ), бейне саны 5, түрі 36 (грекше куб). Жиыны: бейне 32, түр 230. Қыр тенденция 5, бұрыш тенденция 9. Тенденция жиыны  $5+9=14$ , косымша мен  $14+1=15$  (шаршы тұрақтысы  $1+5+9=15$ ;  $15+17=32$  намаз саны). Олардан шығады мына сандар:  $15+17=32$ ;  $230+32=262$ ;  $262\times 3=786$  (бас бата).  $2(1-59+15)=348$  – шұғла саны - Мухарек.

Мұнда бір тамаша нәрсесі ғажайып шаршыдағы әріптегі мен олардың сандарын кристалдардың жиындық сандарымен салыстыру. Қараңыз: ортада жүректе 5, қырдың тенденция саны да 5. белгісі ( $\Phi=h=5$ ). Шаршының мәндайында  $\overset{\circ}{\text{Л}}=\overset{\circ}{\text{T}}=9$ . Кристалдардың тең бұрыштар саны 9. Екеуін қосқанда от саны  $5+9=\Phi+$   $\overset{\circ}{\text{Л}}=14$ . Құранда 20-сүре аты  $\overset{\circ}{\text{Л}}+\overset{\circ}{\text{o}}=\overset{\circ}{\text{Д}}$ . Оны пайғамбардың бір аты деп түсіндіреді ғұламалар. Ал сол сүренің ең басты мұғжизасы Мұса пайғамбарға көрінген от еді ғой. Яғни  $5+9=14$  от саны (6-сурет). Ойлап қарасаңыз Тәнірім барлық ғалам сырын ғажайып шаршы арқылы, Құран аяттары арқылы ишарат етіп койған. Қәзге көрінген белгілі, өшінген заттар да көрсетіп койған ғажайып. Олар әкеліп үш арыс сан (3) арқылы бас батага қабыстырған  $3(-230+32)=786$ . Онан шығады:  $15\times 3+19=45+19=64$ . немесе:  $64\times 4=256=(45+19)4=180+76=256$ . 180-тура жол ғалами шенбер. 76 – адам (76-сүре Инсан), 256 – Нұр саны.

Талапты мұсылманға Нұр жауар.

Тәнірі жаратқан ұлы бақыт отын ешкім сөндіре алмайды. Осы айтылғанның мысалын біздің 41-Кұмалақ салатын балгерлер тілінде қалай айтады? Соны бір ойластырып қаралық.

Ол тәжірибе бойынша басқы жолда үш орында құмалақ саны 9 немесе 5 болу керек. Өйткені 41 құмалақ үшке бөлінеді де, оның әрқайсысынан 4 (төрттен) шығарылады: Оның өрнегі:  $41-4 \quad n=a+b+c; \quad n=9$  болса,  $41-4x9=41+36=5; \quad n=8$  болса,  $41-4x8=41-32=9$ . Басқаша болмайды. Мәндай тоғыз =9 дегенде үш орында үш тең тоғыз болу керек:  $3^2=9$ . Оны Құмалақшылар зор бақыт: «ашпас әліп» деп тоқтатады. Оナン әрі қарай жүректегі – ортадағы тақ сан болу керек ( $5=4+1=2+3$ ).

Екінші қатардағы жолда үш орында сегіз, немесе он екі болу керек. Ортада тақ болған оның екі бүйірінде бір тақ, бірі жұп болу керек: мысалы,  $3+5=8=3+2+3$ . он жақ бүйір берік жұп (2) болса сол жақта тағы үш... Үшінші жол тағы сол секілді он босаға берік жұп болса (4), құйысқан және сол болаға тақ болу керек:  $4+1+3=8=4+3+1$ . Сонымен жалпы тақ орын саны  $7=3+2+2$ . Мұның аты Жерге түскен жеті әліп (Жеті Қаракшы ишара-ты). Сонымен басы үш (3) ашпас әліп, арты 7 әліп. Сонымен әуелі үш, кейін жеті, болады  $3+7=10$  камалат он жақсылық сан – бата саны, яғни екі қолды жайған он саусақ (17-суретті қаранды). Ол суретте бата саны мен барлық ғалами санның ғажайып қабысусын көреміз. Соған байланысты үш Арыс үшкілін қарап өтеміз (16-сурет).

Мұнда әулие үшкілі  $100+786+450=1236=618\times 2$ . бұрышы:  $104^\circ 44' + 49^\circ 28' + 25^\circ 48' = 180^\circ$ .  $153\times 12=1836$ . Ноқаттар үшкілі:  $J+K+T=516+609+159=1284$ , бұрыштары:  $118^\circ 52' + 47^\circ 56' + 13^\circ 12' = 180^\circ$ . Екі тамаша үшкілдердің қабысқан бейнесін үш Арыс үшкіл атадық. Бұлардан көп тамаша мағлұматтар шығады.

$$\text{Мысалы } 1284 \pm 1236 = \begin{cases} 2520 = 360 \times 7 \\ 48 = 12 \times 4 \end{cases} : (284+220)5=2520=56\times 6$$

қайталама жеті, хм (  $=40-46$ -сүрелер). Алты Алаш Аспан шатыр (56-сүре), Ал-хармс=336 – ыңдырылған ыңдырылған жүлдіз саны (екінші аспан). Оның екінші есімі Ғұтарад=Айқызы=284=71x4= (қосай саны  $11\times 20$  – пайғамбар саны). 16-суретте Жәрпі тұрган нокатты алайық. Ол мыңды бөледі:  $640+360=1000$ . Одан шығады  $487+$

19 ..... 786

## ҮШ АРЫС ҮШКІЛ

$$1000 + 786 - 450 = 1336 = 618 \times 2.$$

$$x = 516; h = 609; F = 159.$$

$$516 + 609 + 159 = 1284$$

$$1284 = 214 \times 6.$$

$$1284 + 1236 = 2520 = 48 \times 52$$

$$48 \times 2 = 96 = 46 \times 2$$

$$(618 + 220) \times 2 = 2520$$

$$48 \times 2 = 96 = 46 \times 2$$

$$786 \quad 487 + 360 = 847$$

$$153 \times 12 = 1836$$

$$144^{\circ}40'+6^{\circ}4'=150^{\circ}44'=104^{\circ}44'+46^{\circ}=92 \times 30$$

$$90^{\circ}-38^{\circ}10' \times 2 = 13^{\circ}40'$$

$$13^{\circ}40' \pm 13^{\circ}12' = \begin{cases} 26^{\circ}52' \\ 0^{\circ}28' \end{cases}$$

$$145^{\circ}44'=104^{\circ}44'+41^{\circ}$$

$$47^{\circ}56' \pm 6^{\circ}4' = \begin{cases} 54^{\circ} \\ 40^{\circ}52' \end{cases}$$

$$118^{\circ}52'-41^{\circ}52'=77=11^{\circ}18'$$

$$58^{\circ}46' \pm 47^{\circ}56' = \begin{cases} 106^{\circ}42' \\ 10^{\circ}50' \end{cases}$$

$$77+11=847=487+360$$

$$803+46=847$$

$$106^{\circ}42'+11^{\circ}18'=118^{\circ}=7080=236 \times 30$$

$$6^{\circ}8' = 11^{\circ}18' \quad 58^{\circ}46'-11^{\circ}46'=47^{\circ}$$

$$47+41=\begin{cases} 88=62+26 \\ 6^{\circ} \end{cases} \quad (11^{\circ}18'+28')=11^{\circ}46'$$

$$\text{Тұрақты} \quad \text{Жаңа} \quad \text{Аралық} \quad \text{Сондай} \quad \text{Оғынан} \quad \text{Бап} \quad (30)$$

### 16-сурет. Үш арыс үшкіл

$$A = 55847$$

$$+360=55847-52000(\text{темір-хадидсандаres: } zFe^4, 2z = 26 \times 2 = 52000)$$

Ноқаттар үшкілінің сандары Жауһар саны екені айтылды  $214 \times 6=107 \times 12=1284$ . Бұлардың бұрыштарында көп мағлуматтар жатыр. Мысал келтіреміз:  $118^{\circ}52'+25^{\circ}48'=144^{\circ}40'$ . Осыған Қыр маржан сәүле айыру бұрышын қосамыз:  $144^{\circ}40'+6^{\circ}4'=150^{\circ}44'=104^{\circ}44'+46^{\circ}$ . Үш тамаша пайғамбар бұрышы арқылы қабысады:  $46 \times 60=2760=92 \times 30$ . 30-Оттарда отыз бап ( $30 \times 12=360$ ).

Тағы бір мысал:  $90^{\circ}-38^{\circ}10' \times 2=90^{\circ}-76^{\circ}20'=13^{\circ}40'$ . Онан

шығады:  $13^{\circ}40' \pm 13^{\circ}12' = \begin{cases} 26^{\circ}52' \\ 0^{\circ}28' \end{cases}$ , онан шығады:

$145^{\circ}44' - 104^{\circ}44' = 41^{\circ}$ . Қырықтың бірі Қыдыр бұрышы. Ол Жебрайл (246) бұрышы:  $41 \times 60' = 2460$ . Ал-Қамар (Ай) бұрышы былай шығады:  $47^{\circ}56' + 6^{\circ}4' = 54^{\circ}$ .

Тағы бір мысал:

$$58^{\circ}46' + 47^{\circ}56' + 11^{\circ}18' = 118^{\circ} = 90^{\circ} + 28^{\circ} \dots$$

$58^{\circ}46' - 11^{\circ}46' = 47^{\circ}$  - Күміс бұрыш, пайғамбар бұрышы.

Онан шығады:  $47^{\circ} \pm 41 = \begin{cases} 88 = 62 + 26 \\ 6 \end{cases}$  Тұран Қақпасы.

$$\frac{678}{60} = 11^{\circ}18' \quad (\text{Абай бұрышы}). \quad \text{Онан шығады: } 11^{\circ}46' = 706'.$$

$$\frac{706}{2} + 454 = 807 \quad (\text{Отрап}) \quad (545 - \text{Мұхаммад расул Аллаh}).$$


Сонымен: Тура+Қара+Жолына=Жауһар болар көліндегі.  $T+K+J=214 \times 6$  (Алты Алаш). Жақсылыққа он есе сыйлық болар Тәнірінен. 17-сурет Жақсылық жеткізгенге сондай он есе сыйлық бар деген аяттан бағталды (6-сүре, 160 аят).

Жоғарыда айтылған ғажайып сырлы орнекке келеміз. Онда әуелі үш, кейін жеті болалы толық сан он деген аят болды ғой (2-сүре, 196 аят).

17-суретте сонын өрнегі . Бұл суретте Еас бата 12 мүшелге бөлінген. Ол мүшелдер реті кішкене шенберлер ішіне жазылған. Ол мүшелдерге сәйкес ай аттары арабша нұсқасы бойынша сол сандардың сыртына жазылған. Мүшел атаулары, ай атаулары және ол айлардың сандық мәндері сурет астындағы кестеде берілген. Үлкен шенбердің ішкі жағында, мүшелдер тұсында жазылған сандар жеті хат көктін санаттары. Олардың аттарын қолдың саусактары бойынша көрсеттік: 1-Ай – он білек, 2-Айқызы – бас бармак, 3 – Шолпан сұққол, 4-Күн - сол білек, 5-Арай – ортап қол, 6-Шоңай – Атжок саусак, 7-Санжар – шынашак.

Тұран Қақпасының он босағасында бас бармакта үшкіл мүшел – Барс, айы Жауза-Егіз ( $\text{جَوْزَاءِ} = 17$ ). Осы үштен бастап жетіге сыйамыз, онан онға косамыз. Яғни  $3+7=10$  үшкілі болды. Сонымен ол үшкілдің аяттары және олардың сандары: 3 – Жауза (17); 7 –Мизан (108), 10-Жади (17). Олардан шығады:  $(3) \times (7) = 17 \times 108 = 1836 \dots$  протон саны,  $(3) \times (10) = 17 \times 17 = 17^2 = 289$  – ал-ра-

хим саны. Оナン шығады:  $289+(11)=289+40=329$  – ал-рахманың салады:  $329+289=618$ . Сызылған үшкілдің бұрыштарын косамын:  $45^\circ+60^\circ+75^\circ=180^\circ=15(3+4+5)=15 \times 12=180^\circ$ . Жақша ішіндегі сандардан тік бұрыш үшкіл шығады:  $3^2+4^2=5^2=25$  – бұл Мисыс бұрышы, Ыдырыс бұрышы. Сонымен бұл бұрыштың жазық түрі мен шенберлік бүрі байланысты шықты. Сонымен қатар он күндік жақсылық аятың аспандық ишараты да дәл шықты, оған Аллаһтың жарылқауы шықты екі дүниеде, екі колда: Ал-рахман+Ал+рахим= $329+289=618$ . Бұл тамаша мұғжизаның жалғасын айтылған айлардың жалпы санынан шығады. Ол мынау:  $1318+1117=2445$ .



17- сурет. Жақсылық он есе

Осы санға ноталық санды, Күнғс (19-сүре) санын, жеті хаттық санды ( $13 \times 15 = 195$ ) қосамыз (11-суреттен). Болады:  $24 - 45 + 195 = 2640 = 24 \times 110 = 24(57+53)$  әл-Фарабидың бас нота; Ай нота саны он есе. Ойлап қараныз! Ол өзі Жауһарға байланыстығой:  $195 + 19 = 214$ . Бәрі біріне бірі жалғас:  $1284 = 214 \times 6$ .

56-сүренің жұлдызды аспан күрылышы мен ант еткен зор аяттары 75-76, 8-суретте берілген. Олардың сандық мәні - 2605.

Осы екі санды қабыстырып қаралық:

$$2605 \times 3 + 2445 = 7815 + 2445 = 10260 = 19 \times 540 = 190 \times 54 = 65 \times 108.$$

19 – Бас бата, 190 – ғалами бес тек, 54 – Ал-Қамар (Ай). 108 – хақ саны, мизан – таразы саны.

Ғаламның ғажайып сырынан хабар беріп біздерді осыған жеткізіп отырған Раббыма шүкірлік етеміз. Кемшілігін өзің кешір Аллаһ. Исламға Аллаһ қуат бер. Амин!

Корытындыда *Ибраһим гибраты*.

Атаулардың – заттардың әріптердің сандық мәнін белгілеудің ертеден келе жатқан халықаралық табиғи ережесін еске ала кетелік: *Аспан әлемі, шеңбер-ноқат-нөл, орын*. Бірлік сан Ай. Ай ғалам басы, фылым басы. Екілік сан кез – қол-қар. Үштік - От-Жер; төрттік – Мұхит. Бестік - бес сезім, бес саусақ – Алақан (Алашахан) (11-15-18-суреттерді қара). Алтылық – Маусым, дәуір (алаш). Жетілік – Тау, Жота, Көк не Жер асты (18-суретті қара). Сегізінші – Терек, тұрақ, күш, әскер, піл. Осымен аяқталды. Тоғыз торка (0-8).

## ИБРАΗИМ ХАНИФА

Ибраһим пайғамбарға: «Әрине сені адамдағта басшы қыламын» - деген Құран аят бар (2-сүре, 124 аяқ). Ол кісі Исмағыл екеуі Қағбаны салды. Ол өз ұрпағынан елші жіберуді тіледі. Тілегі қабыл болды. Мұхаммад пайғамбар келді (129 аят). Ибраһим нәсілінен шыққан.

Яғни Ысқақ пайғамбардан келе жатқан ұрпақтардың жолындағы Яңудилар мен христиандар Мұхаммадты таны-

мады, Құранға тоқтамады. Мұхаммад расул Аллаһ оларға «Ибраһимның тұп-тура жолындағы, ол ортак қосуышылардан емес еді» деген (135 аят). Ол түсірілген Құран жолында болатынын айтты.

Бертін келе, Мединеге келген соң Қиблә өзгеріп Меккесе – Қағбага қарап намаз оқу болды. Осылардың бәрінде тамаша зор гибраттар жатыр. Солардың ішінен біз бір ғана сөзді қарап көрелік. Ол «*Ибраһим ханифа*» (135 аят), (فَنَحَتْ مِهَارَبَا).

Казақша аудармада бұл тұп-тура жолдағы пайғамбар магынасында алынған. И.Ю.Крачковский оны ханифа деп, діни жол мағынасында аудармай сол түрінде қалдырыған. Арабша сөздікте таңбалары ұқсас мынадай сөздер бар: فَنَحَتْ – сүйенген, ظَاهِرٌ -имек-қамыт аяқ; ظَاهِرٌ -шындық-діни магынада. Осыларға карағанда ханифа магынасы ғалами айналыс – шенбер, жүлдіз жолы, өмір жолы – имек жақ мағынасында. Соңан тұра шығу. Аударма сол магынада. И.Ю.Крачковский оны талдауға алмай сөзбе сөз аударудан теріс түсінік, дау шығады деген оймен қалдырыған деп білеміз.

Сол сөздердің сандық мәнін алып каралық: Ибраһим = 259, ханифа = 149, жиыны:  $259 \pm 149 = \begin{cases} 408 = 17 \times 24 = 34 \times 12 \\ 110 = 57 + 53 \end{cases}$ . Белгілі

сандар. Онан шығады  $30 \times 12 = 360$ , Ибраһим саны 30 бап садақ санын қосамыз, болады:  $259 + 30 = 289 = 17^2$ . Яғни ал-рахим. Оған пайғамбар санын қосамыз болады:  $289 + 40 = 329$  – ал-рахман. Сонымен  $329 + 289 = 618$  әулие бата саны шықты. Ибраһим тілегі қабыл болған. Ханифа санына шенбердің тұра сызығын кергіш санын қосамыз:  $180 + 149 = 329$  айтылған ал-рахман. Оны былай жазамыз:  $259 + 70 = 329$ . 70 – Ал-Миғраж, пайғамбардың ғалами аспан сапары. Соған байланысты тағы бір тамаша сан:  $289 + 31 = 320 = 32 \times 10 = 10(17 + 15)$  – намаз саны – Саратан (Шаян-Қоян-Пайғамбар жолы, Айдың үйі). Оны былай даралап жазамыз:  $31 + 320 = 351$  – Ал-Саратан. Ол темір (Хадид) сан жиыны:  $\frac{26(1+26)}{2} = 13 \times 27 = 351$ . Оны дараласақ (ұлығаттасақ) болады:

$31 + 351 = 382$  Ал Құран саны. Онан шығады ақырғы ұлығат – ғайн саны  $618 + 382 = 1000$ .

Ал-Саратан жолынан, Мекке мен Кұдыс арасында кесіп өткендер Ибраһим+Ажар+Исмағұл – Мұхаммад. Оған һижра байланысты, оған кибла байланысты... Тамаша ғалами мағына жатыр. Ең бір тамаша өрнек  $29 \times 17 = 497$ . Онан шығады  $29 \pm 17 = \begin{cases} 46 = 2760 = 92 \times 30 \\ 12 = 6 \times 2 \end{cases}$ . Қағба 92 – Мұхаммад саны, 30 - отыз бап, 12 мүшел;  $12 \times 30 = 360$ . ғалами шеңбер ханифа жолы.

Айтылған ғажайыл үшкілге оралайық (17-сурет). Онда: екінші (өркеш) Сәуір және жетінші Мизан – мүшелдерде көк саны 3-сүккол (көрсеткіш саусақ). Шолпан-Зуһра, оның металы 29-мыс, үйі-айы Мизан (108) Таразы.

Оған түсінеміз:  $29 \times 17 \approx 108 \times 17 = 1836$  протон саны – ғалами заттар өзегі. Яғни екі пайғамбардың Ибраһим мен Мұхаммадтың бас коскан шүгласы Қағбада. Алғашқы уахи келгенде Хир тауын періштені сүккол саусағымен көрсеткен. Ол намазда ғибраг.

Пайғамбар санына Ибраһим санын қосамыз:  $\frac{92(1+92)}{2} + 259 + 149 = 4278 + 408 = 4686$ . Осы санды өркеш сүренін

аят санына салыстырамыз:  $4400 + 286 = 4686 = (62 + 26)50 + 26 \times 11$ . Тамаша өрнек. Тұран Қақпасы да осында, темір-хадид осында, Ай сан (11) осында Ғаламның барлық сырыйның кілті осында. Осыған байланысты барлық химиялық (ал-химиялық) зан шықкан (кітап бастады). Осыған байланысты Бас бата санына салыстырамыз:  $4686 = 786 + 3900 = 786 + 26 \times 150 = 15 \times 26 \times 10$ . Тас пен темір:  $\frac{15 - \text{хыжир}}{26 - \text{хадид}}$ . Онан шығады айтылған алхимия заны:

$15 \pm 11 = \begin{cases} 26 \\ 4 \end{cases}$ . Тағы бір тамаша нэрсе, бір жағынан осыған байланысты, екінші жағынан парызға байланысты:  $4686 = 3600 + 10 - 86 = 60^2 + [26]$ . Басқы сан шеңбер есебі, оның жақтық (Ж) шаршы түрі. Екінші сан жиырма алты деген арабша сөздін сандық мәні. Ол хадид – темір-текніе-Қағба-Жер саны.  $= \text{نورشە} + \text{تەس} (626) + (460) = 1086 = [20] + [6] = [26]$ .

Олар ез алдына тамаша сандар:  $626 = 313 \times 2$ ,  $313$  – Ал-Ха жир асул Қағбайың кара тасы Ибраһим мен Исмағұлдан мирас, адамнан мирас,  $460 = 92 \times 5$ . Пайғамбар, бес парыз.

Сол парыз деген сөздің көпшілік түрі =  $\text{خورف} = \text{خورف} = \text{خورف}$ .  
Оның сандық мәні болады:  $80+200+6+800=1086$ . Сонымен:  $[26] = [26]$ .

Жүргінді соктырған, тыныс жүргізген қызыл қан өзегі гемоглобин темір атомынан екені белгілі. Сол келіп Қағбаға мирас етілді...

Тағы бір тамаша ғибрат. Періштелер санын, Ай мен Күн – ғалами санды көрдік:  $91 \times 54 = 4914$ . Осы санмен екі пайғамбар

санын салыстырамыз:  $4914 \pm 4686 = \begin{cases} 9600 = 48 \times 200 \\ 228 = 114 \times 2 = 38 \times 6 \end{cases} \quad 48$

-- қайталама сан, 200 -- ғакыл,  $19 \times 2 = 38$ , бас бата, Құран сүре саны, 38 – сат ( $\Delta = 90$ ) сүресі... Бәрін ойладап қарасаңыз Құран ең зор мұғжиза деген сөзге токтайсыз. Оның сырын ғылым арқылы ашады. Ғылымға жүгінүү сол. Әл-Фараби мен Абай жолы сол.

Ақырғы лүгат санына мынға ғылым санын қосамыз:

$$\text{ملا} + \text{خ} = 1000 + 140 = 1140 = 190 \times 6 = 19 \times 60;$$

190-ғалами сан, 6-алты алаш немесе 19-бас бата, 60-шенбер. Осы алты алаш санының ортасына Ал-Қамар (Ай) санатын қойса, яғни Қағба туын қойсақ болады:

$$190 \times 6 + 54 = 1140 + 54 = 1086.$$

Алты ұяға бес тектің санын орналастырсақ. Олардың орта саны 54 – Ал-Қамар – Ай санын қойсақ оның өзі алты алаш пен Айга бата істеп қолын жайған Алашахан бейнесі шығады деген сөз. Ол сөз жиырма алты сөзінің, парыздар сөзінің сандық мәніне тең болып шығуы бір тамаша ғибрат. Әйткені бұл екеуі ғаламның хақ жүргегі, адамның ар иманы мағынасында.

Енді сол тамаша санға ақырзаман пайғамбары санын қосқанда ол ханифа (х) санына шенберлік еселес болып шығады: Яғни:  $4278 + 1086 = 5364 = 149 \times 36$ . Тамаша өрнекті мынау түрде қоямыз:  $\frac{[92]}{36} + [26] = x$ . Осы түрғанда бәрі пайғамбар есімінс ті-

келей қатысты сандар. Тексерініз, қараңыз, ойланыңыз!?

Ол өрнекті мына түрде каралық:  $5x^2+329x+5364=0$ . Онан шығады:  $x = \frac{329 \pm 31}{10}$ ;  $x_1=36$ ,  $x_2=29,8$ . Кейінгі сан ханифа саны-

нан шығады:  $\frac{149}{5} = 29,8$ . Бұл сандарды шеңберлік, бұрыштық

мағынада аламыз:  $\frac{36^\circ}{29^\circ 48'}$  онан шығады:  $29^\circ 48' + 38^\circ 10' \times 2 =$

$= 106^\circ 8'$ ,  $106^\circ 8' - 53^\circ 8' = 53^\circ$  – Ахмад бұрышы. Осы санды мына түрде караймыз:  $e^{-\rho} = 0,53$ ;  $\rho = 0,6349 \approx 36^\circ 23'$ .

Онан шығады:  $36^\circ 23' \times 2 - 58^\circ 46' = 14^\circ = 840'$ .

$$36^\circ 23' \times 2 + 29^\circ 48' = 102^\circ 34' = 90^\circ + 12^\circ 34'.$$

Онан шығады тағы сол сан:  $26^\circ 34' - 12^\circ 34' = 14^\circ = 840'$ .

Тағы бір сан:  $72^\circ 46' + 38^\circ 10' + 6^\circ 4' = 117^\circ = 90^\circ + 27^\circ$ . Онан шығады:  $27 \times 2 = 54^\circ$ . Олардан:  $54 \pm 14 = \begin{cases} 68 = 17 \times 4 \\ 40 \end{cases}$ . Еске ала кете-

лік пайғамбардың жұлдыздық екі санын:  $53 \pm 47 = \begin{cases} 100 \\ 6 \end{cases}$ .

Осы сандарға байланысты тағы бір өрнек келеді. Ол шұғла санымен Ибраһим ханифа саны:  $348 + 259 + 149 = 348 + 408$  неме-

се:  $408 \pm 348 = \begin{cases} 756 = 108 \times 7 = 54 \times 14 \\ 40 = 54 - 14 \end{cases}$ . Тамаша сырлы сан. Онан

шығады:  $\left( \frac{756}{40} \right) \frac{20}{7} = \frac{756}{14} = 54$ . Жұлдызды аспан құрылсына

sert еткен зор аяттар санына ханифа санын қосамыз (8-сурет):  $5605 + 149 = 2754 = 3/2 \cdot 1836$ .

$3/2$  – теміртекті Арай нотасы (11-сурет);

1836 – протон саны. Ойлап қараңыз! Оның мынау түрін еске алайық:  $153 \times 12 = 1836$ . Оны былай жазамыз:

$\frac{3}{2} \cdot 153 \cdot 12 = 2605 + 149 = 54 \times 51$ . (Екі сүре: Нұр шашқан неріштелер Айды айналыш) немесе:  $18r = A + x$ ;  $x = 18r - A = 2754 - 2605$ . Ойланыз! Қорытындыда ханифалар санымен айтылған ғалами санды жалғастырамыз:

$$4304+38\times 8+348+259+149=4608+756=5364=4278+1086.$$

Адам баласының ақылы жетпейтін ғажайып шебер ғаламның тамаша өрнектерінен мағлұмат беріл, адамдық ар-иманымызды шынықтырған Тәңіріне шүкірлік етеміз. Жаңсақ жерлеріне кешірім сұраймыз! Аллаh Исламға қуат берсін. Амин!

*A. Әл-Машани, 13/IX-1995.*

## ӨГІЗХАННЫҢ АСПАН ЖОЛЫ

Аспан жолы-ғаламның сыры. Оны толық қамту тек Иесінің қолында. Біздер тек, оның әмірімен сол сырдан өзімізге елшемді мөлшерін ғана түсіне аламыз. Осы жағынан алып қарағанда Тұран халықтарының аңызға айналған әулие атасы Өгізхан бізге сол мөлшердің жәдігері деп білеміз. Өгізхан аңызының жұлдызық сипатын бұл арада толық талдамаймыз. Оған арналған ерекше кітап жаздық. Бұл арада айтарымыз ол Өгізхан қазақша 12 мүшел жылдағы Сиыр жұлдыз тобы мағынасында. Оның арабша айлық аты Сәуір (س۽) Бұка деген сөз. Демек толық мағыналас, халықаралық түсінік. Оның өзі Үркер. Ай мен Үркердің тоғысы жыл басы, есеп басы, ғылым басы. Демек “Өгізхан” арқылы көп мәселеден мағлұмат алуға болады. Сиырдың (Сәуірдің) жыл басы болуы астрономия тарихында Шумер заманында, яғни осыдан 6000 жыл шамасы бұрын... Демек ол Ибраһим пайғамбар заманында, бәлки онан да әрі. Өгізханның адамдық, ғадалатты істеріне қарағанда ол Ибраһим ханифа жолындағы адам. Ибраһим пайғамбардын Аллаһтың барлығын, бірлігін іздеудегі, оны танудағы бас се-беп аспан шырақтары болғаны мәлім. Оның елі бұл ғылымда тамаша жетістіктерге жеткені де мәлім. Сонымен байланысты оның еліне арнаулы екі періште келгені және мәлім. Ол аятта: “...Сулаймен қарсы келмеді. Бірақ шайтандар адамдарға сиқыр үйретін, кәпір болды. Олар Бабылда “қарут, Марут” атты екі періштеге түсірілгенді үйретті. Ол екі періштеге: “Біз сынап үшін келдік, қарсы болмаңдар”, деп айтпайынша ешкімге

үйретпеген. Сонда да олар екеуінен ер-әйелдің арасын айтамынды үйренетін еді (2-сүре, 102 аят).

Бұл аятта терен сыр, зор мағына жатыр. Періштелер аспан тынымынан, оның ғалами әсерінен, балнама өнерінен адамдарға мағлұматтар берді. Ондағы мақсат адамдардың Тәнірі ісінен карсы келмей, ғалам ойын, бұйрығын қабылдауға үйретті, сынға берді. Бірақ оны шайтан карсылыққа айналдырды. Сиқыр ісін Сүлеймен пайдаланды, бірақ карсы болған жоқ. Қарсы болғандар ер-байлы адамдар арасын ашуға қолданды. Тәнірінің әмірімен дүниеге келешек пайғамбарға – Ибраһимға, тумай жатып қарсы болып, оны болдырмауға тырысты. Жұбайларды катыстырмауға тырысты. Бірақ онысынан еш нәрсе шықлады.

Сол балнаманың, сиқырдың есептері, әдістері айттылған аспан жолының занына сүйенген. Бір аят келтірейік: У ал+Саман заты ал+хұбуки (51-сүре, 7 аят)  $1300=61+1101+132+6$ .  $26 \times 50 = 52 \times 25$ ;  $\sin 23^\circ 35' = \frac{2}{5} = 0,4$ . Аяттың мағынасы: “Жолдары бар аспанга серт” 51-сүренің жалпы басқы санат жиыны:  $51+1343+60=1454=1000+454$ . Мұнда өрнекті сандар:  $51=17 \times 3$ ;  $1000+343$ ;  $60$  – шеңбер сан. Оナン шығады:  $454=343+111$ .  $454$  – Мұхаммад расул Аллаһ саны. Осы санды мына түрде жазамыз:  $1454=480+487 \times 2=480+974$ . Мұнда 480 Ал-Қамар (54 – Ай сүре) санаты. 487 - әулие үшкілден (16-сурет). Осы кейінгі сан Әғізхан санына байланысты. Әғізханның Рәмізі, арабша танбасы мынау:  $\text{أوغوز}=1020=\text{روغوا}$ . Мұнда да айттылған ақырғы алыф=мын=1000=сан.

Бұл санды былай жазамыз:  $51 \times 20 = 1020 = 340 \times 3$ , 340 – Қамар, оған Тұран тас (Ашма) санын қосамыз:  $1020+441=1461=487 \times 3$ .


20-сүре Таһ..... әй ..... аят саны 135. Осы сандарды салыстырып караймыз. (18-сурет).

Сурет атын – аспан жолы агадым. Ол атаяу 51-сүренің 7 аятынан алынған:  $\text{كَبَّلًا تَازِرْ أَمْشَلَّا}$   $7=6+132+1101+61=1300$ . Мағынасы “Аспан жолдарымен серт етемін” деген. Сол 51-сүренің жалпы санаттық мәні болады:  $51+\text{Ал-зәрият}+60=51+1343+60=1454=1000+454$ . Осы екі саннан бір тамаша өрнек шығады:

$$1454 + 1300 = 2754 = 2605 + 149 = 3/2 \cdot 1836 = 3/2 \text{ м.}$$

Бері де сырлы сандар. Мұндағы зор бір мағына мынау болса керек. Аспан жолымен оның құрылышы арасын (2605, 8-сурет) жалғастырған ханифа саны (149). Олар атом өзегімен – протон мен темір нотасы ( $3/2$ ) арқылы байланысады. Ойлаң қараныз. Осы сандарды негізге алғып жасаған суретті – сыйықты талдаң қараңыз. Оның негізінде тік бүрышты екі үшкіл жатыр:

$$\frac{454}{1000} \sin 27^\circ; \quad \frac{480}{1454} \sin 19^\circ 28'.$$



18- сурет. Аспан жолы

Олардан бес бұрышты және текше орталық бұрыштар шығады:  $27^\circ \times 4 = 54^\circ \times 2 = 108^\circ$ ;  $108^\circ + 72^\circ = 180^\circ$ ,  $19^\circ 28' + 90^\circ = 109^\circ 28'$ ;  $109^\circ 28' + 70^\circ 32' = 180^\circ$ . Айырма бұрыш:  $27^\circ - 19^\circ 28' = 7^\circ 32' = 452 = 113 \times 4$ . Онан шығады:  $3/2 \cdot 452 = 678$  – Абай саны, онан  $678 + 108 = 786$  Бас бата саны. Екінші тамаша бұрыш:  $\frac{349}{1000} = \operatorname{tg} 18^\circ 56'$ .

Онан шығады:  $18^\circ 56' \times 2 + 70^\circ 32' = 131^\circ = 90^\circ + 41^\circ$ . Онан шығады:  $(90+41)6 = 540^\circ + 246 = 786$ . Жұлдыз Жақ саны бес бұрыш ( $540 = 108 \times 5$ ), 246 – Жебрайіл саны. Олар болады бас бата. Бұл тамаша бұрышты біз «*Naraiy*» атадық. Мағынасы санам – жалғыз өркеш ( $A+L+M=71$ ) жана Ай мағынасында. Өгізхан мағынасына жақын. Онан шығады:  $18^\circ 56' = 1136' = 71 \times 16$ .

Бір тамаша мағыналы бұрыш ондық бөлшектен. Ондық кәміл сан (ғашыр  $p=570$ =شىھىر) *Maṣlūd* (жыл) сан. Арабша АБЖД есебі сонан оны былай өрнектейміз:

$$10^K: 10^1=10, 10^2=100, 10^3=1000.$$

Оларды Үш Арыс белгілерімен жазамыз:  $T \approx 10$ ,  $K \approx 100$ ,  $J \approx 1000$ . Онан бұрыш айырамыз:

$$\frac{T}{K} = \frac{J}{J} = 0,1 = \operatorname{tg} 5^\circ 43' = \operatorname{Sin} 5^\circ 44'$$

Онан шығады белгілі сан:  $5^\circ 43' = 343'$ ;  $343 + 111 = 454$ .

Тағы сонан шығады:

$$5^\circ 43' + 26^\circ = 31^\circ 43'; \operatorname{tg} \frac{63^\circ 26'}{2} = \operatorname{tg} 31^\circ 43' = 0,618 = \operatorname{Sin} 38^\circ 10'.$$

Тамаша өрнек: темір бұрышы  $26^\circ = 26 \times 60 = 1560$ , Нұх бұрышы:  $63^\circ 26'$ , онан шығады әулие бұрышы. Бұрында айтылғанды ойға сала кетелік: 454 – Мұхаммад Расул Аллаһ саны. Онан шығады:  $454 \times 2 + 92 = 908 + 92 = 1000$ . Екі ғаламның пайғамбары, ақырғы (ж=1000) пайғамбар. Ұлығ Ат пайғамбary.

Сызықтың жалпы мазмұнын алатын болсак, онда Жер мен Көктің бейнелері қабысқан. Яғни текше мен бұрыш бейнелер айқасқан. Аспан жолымен Жерде адаспау, Жұлдыз – Жол түзу мағынасында. Өгізхан бұл магынадағы адам.

Өгізхан мазмұны мен ханиға мағынасын салыстыруға бо-

лады. Олардың сандарын жазамыз:  $1020+149=1169=1000+1-69$ . Кейінгі сан 20-сүре. жиыны:  $20+14+135=169$ . Ол  $TAhA=14$  –  $\text{شە}$  - от сан сүресі. Онда 51-сүредегі айтылған жауын-шашыннан Мұса пайғамбар адасып, мұғжиза отқа барған ( $OT=14$ ). Оның төғyz мұғжизасы болған:  $\text{كىل} = 9$  – Мандай,  $\text{جىز} = 5$  = Жүрек (төғyz ұялы шаршыны қараныз 11-сурет). Оның көрген оты Тәнірінің нұры. Ол онан шок-шырақ алу үмітімен барды. Шок – Қабас= $162=\text{سېكى}$ ; Шок пен=бикабас= $\text{سەقى}$  онда болады:  $162+2=164$ . Осы екі сан бірдей тамаша:  $162=54 \times 3$  – үш арыс Ал-Қамар, екінші мағынасы адам (инсан= $162=\text{ناسى}$ ). Екінші саннын Жебрайіл саны шығады:  $\frac{3}{2} \cdot 164 = 246$ ,  $3/2$  – Арай нотасы, Темір тек нотасы. Ойлап қараңыз.

Арабша Қабас шоктың жалғас мағынасы тағы есте болсын. Ол білім алу мағынасында. Ол сөздің әрпін ауыстырып бақас – бақыс деп оқысада ол ғылыми пікірлесу мағынасында болмак. Қысқасынан айтқанда заряд атқан 51-сүре мен Нұр шырағын жаққан 20-сүре тығыз мағыналас. Олар Әгізхан әулиенің ісіне жалғасады.

Бұл белгі – шырақтың мағынасы зор. Ғылыми – рухани-діни талас-тартыстың, бақастың басы да осыдан басталғаны мәлім.

Тәнірінің хақ жолы да осында ашылды, Таурат түсті. Сонымен катар Сиырды әулие деп алтын бұзауға табыну секілді жалған дін де осында басталды. Әгіздің немесе Қошқардың басы сынды басына мүйізді таж (Карнайын) кигендер азызы осында қайта жаңғырған. Ол талас онан бұрын да, Немруд, Ферғауын замандарында болған. Оларға қарсы Ибраһим, Мұса пайғамбарлар шықкан. Сол талас ақырзаман пайғамбары заманына жеткен. Оның қалдығы қазіргі заманда да бар. Солардан мысал келтірмекпіз.

Ибраһим еліне Бабылға екі періште келіп, адамдарға ғалами ғажайыптардан мағлұмат таратқаны айтылды. Енді сол періштелердің аттарын сандық есеп түрінде жазып қаралық:

$\text{تۇرماھ} = 612$  ,

$\text{تۇرمام} = 647$  ,

$1259$   $1000+259$ .

Кейінгі Ибраһим саны (259). Ақыргы мәндай луғат =  $\dot{\varepsilon} = \ddot{\varepsilon} = 1000$  мың санын аспандық деп қарағанда қалғаны Жердегі пайғамбар санына дәл келуі, әлбетте тегін емес деп білеміз. Ибраһим ханифа саны болады:  $259+149=408$ . Бұл санның айтылған сүрелермен және Өгізхан санымен қабысусы тамаша:

$$\frac{5}{2}(408) = 51 \times 20 = 1020 = 340 \times 4. \text{ Ханифа саны мен шырақ (шоқ)}$$


санынан шығады пайғамбардың һижра саны, исламның жаңа

$$\text{жыл басы және адам саны: } 2(162 \pm 149) = \begin{cases} 702 \pm 298 = \begin{cases} 1000 \\ 404 = 4 \times 101 \end{cases} \end{cases}$$

101 – Ал-Лайли – түн (92-сүре). Мұнда 351 – Ал-Саратан – (Шаян-Қоян) Ай-мүшел жыл саны екені айтылды (6, 17-сүрреттер). Ол Айдың үйі, пайғамбар даңғылы (Нижрада басып откен). Ол сонымен қатар ғалам кіндігі - Өмір кіндігі темір – хадид санының, Қағба санының, Жертек санының, яғни текшениң – жиырма алтының жиын саны:  $\frac{26(1+26)}{2} = 13 \times 27 = 351.$

Оған көсем – лам (Ал) санын қосамыз болады әулие саны – Ал-Құран саны:  $351+31=382; 618+382=1000$ . Ойлап қараңыз мұның бәрі Тәнірімнің адамдарға білсін, көрсін деп беріп отырған мұғжизасы.

Қос мүйіз таж таласы жөнінде Арабша Ал-Қарнайын=441=  $\text{نیزقلا}.$  Осы санда сыр бар. Оны мынадай түрде жазамыз:  $(3 \times 7)^2 = 21^2 = 441.$  Сонымен қатар бұл сан Тұран тасының санына да дәл келеді. Ол тас Түркістанда *Aхмад Иассаудың бет тасы*. Оның арабша аты پاشم (пашым), ғылымда яшма атында. Екінші аты сәүлелі тас, *Тұранның жесеңіс тасы*. Минералдық, химиялық түрі:



$$\left(\frac{12+26}{2}\right)5 + (14 \times 4 + 8 \times 11)2 + (8+11)2 = 40 + 95 + 288 + 18 = 441.$$

Осы санды Өгізхан санына қосамыз:  $1020+441=1461=487 \times 3.$  Екінші жағынан  $480+487 \times 2 = 480+974 = 1454.$  Осыдан жоғарыдағы есептер шықты. Осы тажы-тас санын Ибраһим санына қоссак ғалами қайталау жеті сзызық – қыр (Қ) дәрежеде болады:

$259+441=700=7K=7 \times 10^2$ . Оны мына түрде бір жазып қаралық:  $53 \times 6 + 382 = 318 + 382 = 700$ . 53 – Ахмад (Нужым сүре). Алты алаш аспан – ортада – жүректе Калам Аллаh – Ал+Құран. Бұл екі санды басқаша бір жазып қаралық:  $441 = 259 + 91 \times 2 = 259 + 182$ . 91-Ал-Шамси (Күн). Тұран тасы иашмның екі аты сәулелі – грекше актиномолит деген. Оның есебі иашм = 350  $\ddot{\text{ش}}$ . Оған Күн санының коссақ – минералдық-кристалдық саны шығады:  $350 + 91 = 441$  (электрон саны).

Осы мүйіз тажға, жеңіс тасқа таластың тарихынан мысал келтіреміз. “Зұлқарнайын” мүйіз тажды алдымен хактың кітабында – Құранда бар. Соңан бастауымыз керек. “Негізінде Зұлқарнайынды Жер жүзінде күшке ие қылдық. Өзіне дәр істе қолайлық бердік”, деген (18-сүре, 84 аят). Дүние жүзін аралауға оған Тәңірім жолын ашқан, әділетті көп істер істеген.

Ерте замандарда басына мүйізді таж кию патшаларға көп елдерде ғұрпи-мирас болған. Құрандағы айтылған Зұлқарнайын сол мағынадағы ғадалатты – саяхатшы құшті патша, Тәңірінің әмірін дәл орындаушы Фабдолла.

Тарихта екінші Зұлқарнайын аты шыққан адам Ескендір (Александр) Македонский, ертедегі грек патшасы. Ол осыдан 2300 жыл шамасы бұрын өмір сүрген адам. Оның әкесі Филип патша өлген соң Александр көп жорықтар жасап, көп елдерді өзіне қаратып грек империясын құрған. Ертедегі дүние жүзілік мәдени орталықтар соның қол астына кірген. Мысалы Мысыр (Египет), Шумер (Вавилония-Бабыл т.б.).

Оған дейін Пифагор, Сократ, Платон, Аристотель сияқты грек ғалымдары білім алып жүрген орталықтар енді Александрдан соң сол ғылыми ордаларға өздері қожа болды. Грек тілі ғылыми халықаралық тілге айналды. Александр Македонскийдің Ескендір Зұлқарнайын атalu себебі ол Мысырды бағындырғанда оны патша сайлау үшін әулие Амон-Раның зиратына барып, бата істеп, оның киген мүйізді тажын киүоге тұра келген. Мысырдың Амон-Ра дегені Күн күзетіндегі әулие мағынасында болса көрек. Грек-рим елдері оны Аммон атап, өздерінің елдері тұтқан жүлдызы Зевс – Юпитер-Мүштари-Шоңай мағынасында кабылдаған. Басқаша айтқанда жеті хат Көктің орталығы төртінші Күн болса, грек-римдер – алтыншы хат жүлдызын бі-

рінші орынға шығарған. Оның бас себебі гректердің сол кездегі “Олимп діні” атты ғұрпымен байланысты болған.

Ол діннің қысқаша мағынасы гректердің жеріндегі биік тауда Олимпты ол Тәнірі мекені деп таныған. Оның басында Құдайларының басшысын Зевс-Юпитер деп таныған. Olsen алтыншы Қөктің жүлдзызы Шонай-Мұштари деген едік. Басқа көктер, жүлдиздар соның шылауында болып саналған. Olsen ғана емес, өздерінен шықкан басшыларын да, батырларын да сол Олимп-пен байланыстырған. Ескендір (Александр) Македонскийге де сол Олимптер тілектес деп санаған. Гомердің “Илиада мен Одиссея” атты дастаны белгілі.

Осымен байланысты “Европанның ұрлануы” деген аңызды еске алайық.

Ертедегі аңызбойынша Еуропа Финикия патшасы Агенордың қызы болса керек. Айтылған Олимп кожасы Зевс әдемі түрмандалған егіз бейнесінде қыздың Еуропаның бақшасында жүретін жолына жата калады. Қыз оған қызығып, арқасына мінеді. Сол кезде Зевс алыш қашып кетеді. Оның артынан іздел шыққан ағасы Қадм. Olsen әулиенің кеңесі бойынша сиырдың сонына ереді. Сол сиыр тоқтаған жерге Фив атты қала-қорған салады... Гректерді Финикия мәдениетімен таныстырады, алфавит үйретеді...

Соләдет, сол жалған діндік ғұрып, дінсіздік хақпайғамбарлар заманында болғаны, олармен таласқаны діні кітаптарда, тарихта бар. Мысалы Мұса пайғамбар істерін алайық. Оның Тәнірі тараапынан берілген ашық мұғжизаларына токтамай асылғандар болған. Алтыннан бұзау жасап, соған шоқынатындар болған. Olsen окиға Тауратта, Инжілда, Құранда айтылған, жазылған.

Тауратта Мұса пайғамбардың Мысыр патшасы Перғауын (Фараон) екінші Рамзес кезінде дүниеге келгені айтылған. Құранда перғауын аты аталмаған, бірақ соны дәл білдіретін айқын ескерткіш айтылған. Мұсаны құғанда Нілдің суына кеткен перғауын туралы Құранда мынадай аят бар: “Сенен кейінгігіе үлгі болу үшін фенеңді құтқаралмыз” (10-сүре, 92 аят). Сол перғауының денесін зерттеген француз ғалымы Морис Букел: “Құран және қазіргі ғылым” деген кітап жазған 1976 жылдары. Сол жақында орысшаға аударылды (“Қазан”, “Иман”, 1993).

Мористың бұл еңбекті жазуына бас себеп болған айтылған перғауын денесінің өзгеше сакталуы болған. Ол перғауының аты Меркентах екен. Ол айтылған екінші Рамзестің таққа отырған мұрагері екен. Демек Мұсаны қуған, сұға кетіп, кайта қалқып шыққан, сакталған осы екен. Мориска араб ғалымдары осыны білдіргенде, ол кайран қалып, Құранды оқып, кеп шындыққа көзі жеткен. Бұл зор мәселеге кейін ораламыз.

Екінші бір айтайын дегеніміз Олимп ғұрпының сакталуы жайында. Күні бүгінге дейін Құранда айтылған Габдолла Зұлкарнайын мен Ескендір (Александри) Зұлкарнайынды (Македонский) шатастыратындық бар. Оның өзі хак дінмен жалған дінді шатастыруға жол ашады.

Гректердің Олимп дінінен Еуропа елдері әлдакашан кол үзген деуге болады. Алайда, “ауру қалса да, әдет қалмас” деген-дей оның мирастары көрініс беріп қалады. Мысалы халықаралық “Олимпиада” ойындарын алайық. Ол ойынды атеистер өзінің рухани ғұрпынша қарсы алды деуге болады. Мысал келтіреік. “Сексенінші Олимпиада” бұрынғы СССР-де өтетін болып 1978 жылы қаулы алынды. Ол ойынның “Әулие оты” шырағын жағуда бұрын қазіргі техника колданып келген болса, біздер олай етпей, оның нағыз өзінің қозінен қолмен алып, адамдардың ше-руімен Мәскеуге жеткізу керек деген шешім кабылдады. Оның аты Олимп тауынан Мәскеуге жеткізу үшін бес мың километр жерден отпен өту керек. Ол Греция, Болгария, Румыния, СССР жерлерін басып өту керек. Ол шеруге 22 жүйрік шеберлер болу керек (ол тегі алфавит әрпінің ескі саны болар). Сол секілді то-лып жатқан ғұрыптары бар. Ол шыракты қалай, кім жасау ке-рек? Оған бәйгі жариялау керек...

Толып жатыр. Ол ғана емес... сол отқа бас иіп, сажда етіп табынғанын да көрдік.

Қысқасынан айтканда Еуропаны ұрлаған жалғаншы қаракиши қолдап жасалған ғұрыптан біздер аулак болуымыз керек. Тұранның Өгізханы Құрандағы Габдолла Зұлкарнайынға жақын. Солай бола тұrsa да біз оған табынбаймыз. Тілекті Аллаһтан ті-лейміз. Абайдың: “Осы жұрт Ескендірді біле ме екен”, деп сұрақ қойып отырғаны сол жалған жолдан сактандыру мағынасында.

Енді, қорытынды, шындық қуанышқа арнап: “сүйінші” деген тақырыпка келеміз.

## СҮЙІНШІ

Тәнірі тарапынан келген зор қуанышты білдіріп, сүйіншілеу пайғамбарлардан қалған жақсылық мирас. Көп ғасырлар бойында адамдар белгісіз болып жабық жатқан сырлардан Тәнірім білдірген шындықты ортаға салуды дұрыс көрдік. Шындыққа көз жету өмірдің мақсаты ғой. Сол үшін оның атын сүйінші атады.

Сүйінші деген сөздің ең құрметті және аса терең мағыналы түрін мен Абайдан оқыдым. Ол кісі өзінің 38-сөзінде былай деген: “Ғұмыр өзі – хақиқат. Қай жерде ғұмыр жок болса, онда кәмәлат жоқ. Бірақ әулиелердің де бәрі бірдей тәркі дүние емес еді; ғашәрән – мубішірәдан қазрет Госман, Габдурахман бин Ғафур, уа Сағид бин Әбдуқас үшеуі де үлкен байлар еді”. Басқаша айтқанда әулиелік дүниеден безумен ғана табылмайды. Өмірдің өзі хақиқат. Адам баласының даму жолында байлық та керек. Тірі күнінде ұжымактық деп пайғамбарымыздың сүйіншілеген он сахабасының үшеуі үлкен байлар еді. Демек адамның Тәнірі алдында жарылқануы оның ауқатынан емес, хак жолындағы нитетінен деген мағына туады.

Еуропа елдері адамдарды таптарға топтастырып, адамды тұрмысқа құл етіп, біріне бірін қарсы қойып жауластырып жатқан кезде Абайды ұлы дәрежелі рухи сүйіншіні хабар етуі ерекше даналық, ерлік еді. Айтылған он сахабаның қалған жетеуі, орташалар мен кедейлер болатын. Айтайық Абубакр, Ғомар, Ғали сияқты. Осы пікірді біз көптен көтерер едік, бірақ оған жол берілмей келген болатын. Енді ғана соны қайта еске алып отырымыз.


Сүйінші деген сөздің Құрандағы мағынасын қазақша аудармалардан жаңаша көрдік. Соның бір тамашасы Ғаиса – Мариам ұлынан 61-сүреде: *Ол кісі – Исрәүл ұрпақтары мен сендерге Аллаң тарапынан жіберілген елшімін – пайғамбарын, деген. Соナン кейін алдындағы Тәуратты растауышы және менен кейін келетін “Ахмад” атты пайғамбарменен шүйшілеймін*, деген еді. (7-аят).

Былай ойлап қарағанда Аллаһға сенген иманы берік адамдар осы сөзге бірден тоқтап, Тауrat пен Құранды қатар тану

керек қой. Бірақ, барлық жерде олай болмады. Талас-тартыс, күншілдік, тәқаппарлық билеген топтар Құранға сенбеді...

Бірақ, шындық женбей коймайды, Құранның хақ екенін барған сайын ғұмыр өзі дәлелдеп келеді.

19-суретте соған байланысты мысалдар келтірдік. Осыны қарастырамыз. Бал араның ұясы секілді алты қырлы бейнелермен таныспыз (6-8-суреттер). Бұл кейінгі 19-суретте тағы сол бейне, бірақ мұнда алтаудың айналасына тағы да екіден он екі ұя коршаған. Сонымен бәрі он тоғыз ұя болып шықты: ортада біреу, оның сыртында алтау, оның сыртында он екі:  $1+6+12=19$ . Бұл тамаша бас бата саны, Құран сүресінің саны ( $19 \times 6 = 114$ ).



19-сурет. Сүйінші

Құранда: “ұстінде он тоғыз” деген аят бар (74-сүре, 30 аят). Соған арналған Пакістан ғалымы Ахмад Дидағтың “Құран биік мұғәжиса” деген кітабы бар (1980). Осы он тоғыз орынды тордың тамаша бейнелері жөнінде бұрын да жазған едік. Ондағы біздің түсінік. Ол он тоғызды біз, жоғарыда айтылған әдіс бойынша, аспан құрылышымен байланысты қарағанбыз. Яғни он екі мүшел ай, жеті хат көк деп:  $12+7=19$ . Оның ұстіне жеті хат Жерді қосқанда ол Жер саны, текше саны, Қағба саны, темір

(хадид) саны жиырма алты болады:  $19 \pm 7 = \begin{cases} 26 \\ 12 \end{cases}$ . Сонымен алты

қырлы бал ара ұясы мен алты шаршы бетті текше – Қағба тығыз байланысты деген мәселенің дәлелдеген едік. Енді сол мәселенің Құрандағы аялтарда бар екенін еске саламыз. Сонымен байланысты сүйінші тақырыпқа келеміз. Айтылған жиырма алты текшениң геометриялық мүшелер саны екенін білеміз. Алты жақ ( $J=6$ ), сегіз тәбе ( $T=8$ ), он екі қыр ( $K=12$ ); болады  $6+8+12=26$ . Осыларды текше сан түрінде бірден жиырма алтыға дейін жазсақ, соナン кейін сол текшениң бір тәбесінен тік шанышсақ, сол сандардың қаншасы ұстінен қарағанда көзге көрінеді? Қаншасы көрінбейді? Біздің қазіргі қарап отырғанымыз сол. 19-суретте айтылған жиырма алтының он тоғызы көрініп түр (он тоғыз ұяға он тоғыз сан қойылған). Оның ортасындағы жетеуі көрінбейді. Оларды біз оң жақта жеке көрсеттік. Ол сандардың жиынын былай айырамыз:

$$\frac{19(1+19)}{2} = 190; \quad \frac{20(20+26)}{2} = 161; \quad \frac{26(1+26)}{2} = 351.$$

Осы сандардың тамаша табиғи ғажайып мәндері айтылған сурет бетінен табылады.  $190=19\times10$  – ғалами тектес саны бас бата саны (19-сурет); 161-Мұсаның аса (ғаса) таяқ саны, мұкаттағат АЛМС саны (7-сүре);

$161=\text{سـامـاـ}$ . Ал-Саратан-Шаян-Қоян мүшел саны, Айдың үйі, пайғамбар даңғылы, тағысын тағылар.

Суреттің астынғы бөлімінде үш ғажайып шаршы сыйылған. Олар үштік, төрттік, бестік шаршылар. Оларды біз Ыдырыс үшкілінің (Масластың شـلـشـ) айналасына орналастырдық.

Олардың ғажайып шаршылар атала себебі ондағы түзу сыйықты бағыттар бойынша санағанда жиыны тұрақты сан болып отырады. Мысалы:  $4+9+2=15=4+5+6 \dots 1+15+14+4=34=1+6+11+16 \dots$  өрнегі  $11+24+7+20+3=65=11+12+13+14+15 \dots n(n^2+1) : 2$ ;

$$n = 3; \frac{3(9+1)}{2} = 15; \quad n = 4; \frac{4(16+1)}{2} = 34, \quad n = 5; \frac{5(25+1)}{2} = 65.$$

Бір тамашасы сол, айтылған үш тұрақты сан жиыны айтылған сүрелер жиынына тен шығады:  $15+34+65=114=19\times 6$ . Оナン жоғарғы алты қырлы, он тоғыз үялды торда да сандардың қойылу реті сол секілді. Әрбір бес сандық бағытта сандар жиыны тұрақты  $38=19\times 2$  болып шығады:  $18+1+5+4+10=9+6+5+2+16=3+7+5+8+15=38$ .

Демек ол *ғажайып он тогызы*. Оның да үш бағытынан айтылған алты есе он тоғыз шығады:  $38\times 3=114=19\times 6$ . Басқаша айтқанда *он екі мүшел аспанды, жесті хат көк ғаламды Тәңірі бас бата әмірімен алты күнде жаратқан десе болғандай*. Текшениң астындағы көрінбейтін жеті санды біз мынадай оймен орналастырдық: асты мен үсті қосылғанда тұрақты сан шығу көрек.  $5+23=20+8=21+7=22+6=24+4=26+2=28$ . Бір ғана сан қалып қойды 25: ол Ыңдырыс саны ( $9+6=25$ ). Ол алтынды сан, яғни оны алтын санына (Күн металының санына) көбейтеміз, болады:  $79\times 25=1975=1273+702$ . Кейінгі сандардың қайдан шыққанын суреттен қарап табарсыз. Олар сүйінші сандары:  $1038=\text{Ал-Таураг} (\text{تاروڠ})$ ,  $235=\text{Мусадиқа} (\text{مصدیق})$ .  $1038+235=12+3=1000+273$ .  $543+159=702=351\times 2$ . 543 – Мубашра (сүйінші), 159 – Исму-Ахмад ( $106+53=53\times 3$  – Нокат-Төбе= $T=159$ ). 351 – Ал-Саратан-Шаян-Қоян-пайғамбар даңғылы. Оған көсемшे (артиқіл) санын қосып жекешелейміз (ал= $31$ ) болады:  $351+31=382$  Ал-Құран саны, әулие саны ( $618+382=1000$ ). Көрінбес жеті саны – ғаси-Ал+мыс саны 161 ғажап сырлы. Оның бас батамен қосқандағы түрі шенбер кергіші екенін көрдік:  $161+19=180$ .  $161+159=320$ . Енді осы санға сүйінші санын қосамыз:

